

ЖАЛПЫ ШАРТТАР

«HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ
Директорлар кеңесі
БЕКІТКЕН
2010 ж. «26» шілде



Әлемдік жергілікті банк
Всемирный банк, который рядом

Мазмұны

Айқындамалар	3
Кіріспе	6

I-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Шотты ашу	6
2-бап. Төлемдер және ақша аудару	7
3-бап. Банк бөлімшелерінде кассалық қызмет көрсету	9
4-бап. Шетелдік валютамен операциялар	9
5-бап. Шоттан қаражаттарды есептен шығару	9
6-бап. Айырбастау жөніндегі қызметтер	10
7-бап. Банк көрсететін қызметтер үшін төлем	10
8-бап. Үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану	11
9-бап. Хабарландырулар	11
10-бап. Шот бойынша көшірме	12
11-бап. Дауларды реттеу	13
12-бап. Клиенттің белгісіз жоқ болуы, қайтыс болуы	13
13-бап. Клиенттің өтініштері және кепілдері	13
14-бап. Құқықтар мен міндеттердің берілуі	14
15-бап. Шотты жабу	14

II-бөлім. Депозиттерді (Салымдарды) орналастыру

1-бап. Жалпы ережелер.....	15
----------------------------	----

III бөлім. Карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шот

1-бап. Жалпы ережелер.....	16
2-бап. Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар.....	16
3-бап. Төмендемейтін ең аз теңгерім.....	16
4-бап. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаны оқшаулау. Овердрафт.....	17
5-бап. Карточканы пайдалану ережесі.....	17
6-бап. Жеке тұлғаларға арналған Дебет карточкасы шартын/ Несие карточкасы шартын/ Несие желісі шартын бұзу. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты жабу.....	22
7-бап. Бонустық және дисконттық бағдарламалар.....	22
8-бап. Internet Banking	22
9-бап. Карточкалық операциялар бойынша алаяқтық.....	22
10-бап. Банктің өзге де жаңа қызметтері.....	23

IV-бөлім. Несиелеу

1-бап. Несие беру шарттары	23
2-бап. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттіліктері	25
3-бап. Бұзу оқиғалары	27
4-бап. Клиент ұсынатын құжаттар және ақпарат	27
5-бап. Несиелік шарттың қолданысын тоқтату ережесі	28

V-бөлім. Өзге де ережелер

1-бап. Заңды тұлғалар-Клиенттер, филиалдар/өкілдіктер үшін ғана электрондық пошта және/немесе факс бойынша ақпарат	28
2-бап. Форс-мажор	29
3-бап. Құпиялық және қауіпсіздік	29
4-бап. Арнайы шарттар	30
5-бап. Қорытынды ережелер	30
Жалпы Шарттарға қосымша	32

Айқындамалар

Авторландыру	Карточкалық операцияны жүзеге асыруға Банктің немесе тиісті төлем жүйесінің рұқсатын білдіреді.
Банк	«HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ-ін, оның филиалдарын/бөлімшелерін/ қызметкерлерін білдіреді.
Банкомат	Қолма қол ақшаны беруге және Карточканы пайдалана отырып, Банктің қосымша қызметтерін Карточканы ұстаушының алуына арналған электрондық-механикалық құрылғыны білдіреді.
Шот бойынша көшірме	Белгілі бір кезеңде Шот бойынша несиелік/дебеттік операцияларды, сондай-ақ, Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де ақпаратты көрсететін Банк мерзім сайын ұсынатын жазбаша көшірме. Көшірме Хабарламалардың түрлерінің бірі болып табылады және Шот бойынша операцияларды жасаудың жеткілікті айғағы болып қызмет етеді. Операциялар Көшірмеде көрсетілген Жұмыс күні жасалған деп саналады.
Қолданыстағы заңнама	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)
Ақша	Кез келген валютадағы қолма қол және қолма қол емес ақша.
Депозит	Клиенттің Банкке оларды атаулы көріністегі қайтару және тиісті шартпен көзделген тәртіппен олар бойынша сыйақыларды төлеу жағдайында берілетін ақша.
Карточканы ұстаушы	Ол туралы сәйкестендіру ақпараты Карточканың тасығышына жазылған және оның бетіне түсірілген, Дебеттік карточка шартының/Несиелік шартының жағдайларына сәйкес Карточканы/Қосымша карточканы пайдалануға құқығы бар жеке тұлғаны білдіреді.
Дисконт	Оларды есептеу тәртібі мен мөлшері Банктің ішкі саясатына, стандарттарына және рәсімдеріне, сондай-ақ, тиісті тауарларды/қызметтерді жеткізушілермен Банктің уағдаластықтары негізінде белгіленетін және жүргізілетін, Карточканың көмегімен Карточканы ұстаушы төлейтін тауарларға/қызметтерге арналған жеңілдіктерді білдіреді.
Банктік қызмет көрсету шарты	Ағымдағы шот шартын/Дебеттік карточка шартын/Несие карточкасы шартын/Жеке тұлғалар үшін несиелік желі шартын/Тұтынушылық несиесінің шартын/Банктің ішкі саясатымен, стандарттарымен және рәсімдерімен көзделген өзге шартты білдіреді.
Несие карточкасы шарты	Карточкалық операциялар үшін ағымдағы шотты ашумен, қызмет көрсетумен (жүргізумен) және жабумен, Карточканы шығарумен және Банктің Клиентке Несиені беруімен байланысты Банктің және Клиенттің/Карточканы ұстаушының құқықтары мен міндеттіліктерін реттейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Жағдайлардың негізінде Клиент пен Банк арасында жасалған шартты білдіреді. Төлем карточкасын, банктік шот шартын және банктік қарыз шартын беру туралы шарт элементтерінен тұратын аралас шарт болып табылады.
Жеке тұлғалар үшін несиелік желі шарты	Карточкалық операциялар үшін ағымдағы шотты ашумен, қызмет көрсетумен (жүргізумен) және жабумен, Карточканы шығарумен және Банктің Клиентке Несие беруімен байланысты Банктің және Клиенттің/Карточканы ұстаушының құқықтары мен міндеттіліктерін реттейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Жағдайлардың негізінде Клиент пен Банк арасында жасалған шартты білдіреді. Төлем карточкасын, банктік шот шартын және банктік қарыз шартын беру туралы шарт элементтерінен тұратын аралас шарт болып табылады.
Тұтынушылық несие шарты	Банктің Клиентке Тұтынушылық несиесін беруімен байланысты Клиент пен Банктің құқықтары мен міндеттіліктерін реттейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Жағдайлардың негізінде Клиент пен Банк арасында жасалған шартты білдіреді.
Ағымдағы шот шарты	Ағымдағы шотты ашумен, жүргізумен және жабумен байланысты Банктің және Клиенттің құқықтары мен міндеттіліктерін реттейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Жалпы Жағдайлардың негізінде Банк пен Клиент арасында жасалған шартты білдіреді.
Қолдардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжат	Олардың қолдарының және мөр бедерінің үлгілері бар, есеп жүргізуге өкілеттігі бар тұлғалар туралы деректерден тұратын карточка (тек заңды тұлғалар және оларда мөрдің болуы кезінде заңды тұлғаны құрмастан кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін).
Сенімді тұлға	Шот бойынша операциялар жасауға Клиенттен сенімхаты бар тұлға және өзге де жолмен Клиенттің атынан іс-әрекет жасауға өкілетті тұлға.

Берешек	Несие бойынша негізгі берешек сомасын, Овердрафты, Сыйақыны, Банк комиссияларын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), Шарттың және/немесе осы Шарттардың ережелеріне сәйкес Банкке қатысты Клиентте туындауы мүмкін өзге де берешектерді қоса алғанда, бірақ шектелместен Шарт және/немесе осы Шарттар бойынша Клиенттің барлық және кез келген берешектерін білдіреді.
Өтініш	Банктік қызмет көрсету бойынша құқық қатынастарын белгілеумен және/немесе жүзеге асырумен байланысты іс-әрекеттерді жасауға арналған Банктің өкілеттігін білдіретін Клиенттің/Салымшының/Карточканы ұстаушының жазбаша еркін білдереді.
Карточка	Клиентке/Карточканы ұстаушыға Карточкалық операциялар үшін ағымдағы шоттағы қолжетімді теңгерме шегінде және/немесе тиісті шартпен келісілген Несие сомасының шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасын білдіреді.
Карточкалық операциялар	Кәсіпкерлердің тауарлар мен қызметтерді қолма қол ақшасын төлеуі, қолма қол ақшаны алуы үшін Карточканы немесе оның деректемелерін (Карточканың нөмірі және қолданылу мерзімі/басқа да деректемелер) пайдалана отырып, жүзеге асырылған операцияларды, сондай-ақ, Қолданыстағы заңнамада, халықаралық төлем жүйесі ережелерінде, халықаралық банктік практикада, іскерлік айналымының салттарында көзделген өзге де операцияларды білдіреді.
Клиент	Осы Жалпы Жағдайларға және Шартқа сәйкес Банкте ашылған Банктік шот иесі.
Авторландыру коды	Авторландыруды жүзеге асыру үшін қажет Банк берген және төлем жүйесіне сәйкес келетін нөмірді білдіретін әріптік-цифрлық символдардың бірегей комбинациясын білдіреді.
Несие	Банктің Клиентке Несиелік шарт жағдайларына сәйкес оның сомасы шегіндегі жеделдік, төлемдік және қайтарымдылық жағдайларында беретін қарызды білдіреді. Кейбір жағдайларда, сондай-ақ, Несиелік шарттың жағдайларына сәйкес оның сомасы шегіндегі қамтамасыз етушілік, жеделдік, төлемдік және қайтарымдылық жағдайларында қарызды білдіреді.
Несиелік шарт	Несие карточкасы шартын/Тұтынушылық несие шартын/Несиелік желі шартын және/немесе оның жағдайларына сәйкес Клиентке Несие берілетін Банктің ішкі саясатымен, стандарттарымен және рәсімдерімен көзделген өзге шартты білдіреді.
Клиенттің Нөмірі	Жиырма саннан тұратын, Клиентке берілген жеке сәйкестендіру коды.
Шот Нөмірі	Шотты ашумен байланысты Банктің Клиентке беретін жеке сәйкестендіру кодын білдіреді.
Жалпы Жағдайлар	Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі саясатына, стандарттарына және рәсімдеріне, сондай-ақ, тиісті төлем жүйесінің ережелеріне сәйкес жасалған «HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ Клиенттеріне банктік қызмет көрсетудің және несиелеудің Жалпы Жағдайларын білдіреді.
Овердрафт	Ағымдағы Шоттағы/Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы Шоттағы дебеттік теңгермені немесе Клиенттің Несиелік шарт бойынша Несие сомасының асуын білдіреді.
Операциялық күн	Жұмыс күні жергілікті уақытының 09:00-ден 16:00-ге дейінгі уақыт кезеңін немесе Банк айқындаған өзге уақытты білдіреді. Операциялық күн Банк және Банк филиалдары ұсынатын операциялардың/қызметтердің әртүрлі түрлерінен ерекшеленуі мүмкін.
Негізгі берешек	Банктің Несиелік шартпен белгіленген жағдайларда Несие сомасы шегінде Клиентке нақты ұсынылған Несиедегі Ақша сомасын білдіреді.
Есепті кезең	Несие мен Сыйақыны кезекті өтеу күні айқындалған, ағымдағы күнтізбелік күнге келетін, алдыңғы күнтізбелік айды білдіреді.
ПИН-код	Карточканы ұстаушыға берілетін және электрондық құрылғыдағы Карточканы пайдалану кезінде оны сәйкестендіруге арналған жеке сәйкестендіру нөмірін, құпия кодты білдіреді.
Әлеуетті бұзу оқиғасы	Банктің жеке пікірі бойынша Бұзу оқиғасы болуы мүмкін немесе уақыт өткен сайын Бұзу оқиғасының басталуына алып келуі мүмкін кез келген оқиғаны білдіреді.
Кәсіпкер	Карточканы оларға ұсынылған тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді төлеу үшін қабылдайтын, заңды тұлғаны құрмастан шаруашылық жүргізуші субъект ретінде тіркелген заңды тұлғаны/жеке тұлғаны білдіреді.

Жұмыс беруші	өз қызметкерлеріне жалақыны аударуды Банктегі Шотта жүзеге асыратын, шаруашылық жүргізуші субъект ретінде тіркелген заңды тұлғаны/жеке тұлғаны білдіреді.
Жұмыс күндері	Банк банктік операцияларды жүргізу үшін ашық күндерді білдіреді.
СТН	Салық төлеушінің Тіркеу Нөмірі.
Байланысты тарап	Клиент тікелей немесе жанама бақылайтын кез келген жеке/заңды тұлғаны; Клиент қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама бақылайтын/Клиент қабылдайтын шешімдерге әсер ететін кез келген жеке/заңды тұлғаны; үшінші тұлғаның бақылауында Клиентпен тікелей немесе жанама бірлесе орналасқан кез келген ұйымды білдіреді.
Хабарлама	Банк және Клиент пайдалануы мүмкін факсимилдік, СВИФТ, Рейтер Дилинг, электрондық банктік және өзге де жедел байланыс құралдары арқылы Банк алған, Клиент пен Сенімді тұлғаның атынан берілген нұсқамалар.
Бұзу оқиғасы	Олардың басталуы кезінде Банк Несиелік шарт бойынша Клиенттің Берешегінің барлық сомасын Банкке мерзімінен бұрын және толық қайтаруды тез талап етуге құқылы, осы Жағдайларда/Несиелік шарттарда айқындалған оқиғалардың кез келгенін білдіреді.
Тарап/Тараптар	Банктік қызмет көрсету шартының тарабын/тараптарын, Банкті және/немесе Клиентті/Карточканы ұстаушыны білдіреді.
Шот	Осы Жалпы жағдайларға және Банктік қызмет көрсету шартына сәйкес Банк ұсынған кез келген валютадағы (валюталардағы) Банктегі Клиенттің шоты.
Тарифтер	Оларға көрсетілетін кез келген банктік қызмет үшін өндіріп алына-тын, Банк комиссияларының мөлшерін айқындайтын қолданыстағы тарифтерді, сондай-ақ, Банктік қызмет көрсету шартының жағдайларын Клиенттің бұзуы кезінде өндіріліп алынатын айыппұл санкцияларын білдіреді.
Ағымдағы шот	Қолданыстағы заңнамада көзделген қызметтерді көрсету үшін Ағымдағы шот шарты негізінде Клиентке Банк ашатын кез келген валютадағы банктік шотты білдіреді.
Карточкалық операциялар үшін ағымдағы шот	Қолданыстағы заңнамада және Дебеттік карточка шарты/Несие карточкасы шарты/Несиелік желі шарты/өзге шарт негізінде осы Жағдайларда көзделген қызметтерді көрсету үшін Банктің Клиентке ашатын кез келген валютадағы банктік шотты білдіреді.
Хабардар ету	Осы Жағдайлардың I-бөлімінің 9-бабында айқындалған түсінікті және тиісті ережелерді білдіреді.
Өкілетті тұлға	Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін операцияларды Клиенттің Шоты бойынша ашуға және жасауға Клиент немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы өкілеттік берген тұлға.
Өкілетті орган	Өз құзыреті шегінде банктердің банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу, Карточкаларды шығару және қызмет көрсету, сондай-ақ, Несие беру жөніндегі қызметтерді реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органын білдіреді.
Несие мақсаты	Оған сәйкес Несие берілетін және оған сәйкес ол Шарт шеңберінде пайдаланылуы тиіс мақсатты білдіреді.

Кіріспе

1. Осы Жалпы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және Шоттарды ашу, жүргізу, жабу, төлемдерді жүзеге асыру мәселелері және осы Жалпы Шарттарда қозғалатын өзге де мәселелер бойынша Банктің және HSBC тобының саясатына сәйкес дайындалған. Жалпы Шарттар заңды және жеке тұлғалардың Шоттарын қоса отырып, бірақ шектелместен, HSBC Қазақстан Банкінде ашылған Шоттардың барлық типтеріне қолданылады. Осы Жалпы шарттар Банктік қызмет көрсету шартының ажырамас бөлігі болып табылады және Банктің барлық Клиенттеріне оларды қабылдау, сақтау және нұсқаулық үшін беріледі.
2. Жалпы шарттар Банкте бір және одан да астам Шоттардың болуымен, Карточкаларды шығарумен және оларға қызмет көрсетумен, Несие берумен, төлемдер мен аударымдарды, оның ішінде, берілген несиенің шеңберінде және Банк көрсететін қаржылық қызметтердің жиынын жүзеге асырумен байланысты туындайтын Банк пен Клиент арасындағы қатынастарды реттейді. Клиент қажетті шоттардың және/немесе қызметтердің тізбесін дербес айқындайды. Банк Клиентке нақты көрсетілетін қызметтер үшін ғана комиссияны өндіріп алады.
3. Банктік қызмет көрсету шартындағы Клиенттің қолы Клиенттің:
а) қандай да бір ескертулерсіз және қайшылықсыз толық көлемде Жалпы шарттарды алғаны, оқығаны, түсінгені және қабылдағаны және олардың барлық ережелерін уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетіні;
б) Шарттардың ережелерін орындамаудың және/немесе тиісті орындамаудың барлық мүмкін болатын қолайсыз салдарларын қабылдайтыны туралы куәландырады.
4. Мыналарды қоса, бірақ шектелместен жекелеген қызметтер: депозиттер, аккредитивтер, кепілдер, қарыздар, автоматты төлеу, мезгіл-мезгіл орындалатын қолданыстағы нұсқаулық, электрондық банктік жүйе (алыстан рұқсат ету жүйесі) және бағалы қағаздармен операциялар Тараптар қол қойған арнайы шарттармен және жағдайлармен реттелуі мүмкін.
5. Банк депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы ставкаларының шекті шамаларын, осы Жалпы шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын және Банк бір жақты тәртіппен өзгертуі мүмкін қабылданатын, депозиттердің және берілетін несиелердің шекті сомалары мен мерзімдерін белгілейді. Банк аталған өзгерістерді Клиенттің талап етуі бойынша береді. Банк әртүрлі факторларға (Клиенттің несиенің қабілеті, нарықтағы ағымдағы жағдай және басқалары) сүйене отырып, депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы ставкаларының белгіленген шекті шамалары, қабылданатын депозиттер мен берілетін несиелердің шекті сомалары мен мерзімдерін шеңберінде Банк Клиентке ұсынуы мүмкін сыйақының сомаларын, мерзімдерін және ставкаларын жеке айқындайды. Банк Клиент үшін депозиттер мен несиелер бойынша нақты шарттарды тиісті шарттарда және/немесе Тарифтерде белгілейді.

I-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Шотты ашу

- 1.1 Банк Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде, халықаралық банктік практикада және іскерлік айналымының салттарында белгіленген тиісті талаптардың нысаны мен мазмұны бойынша Банк белгілеген барлық қажетті құжаттарды Клиенттен алғаннан кейін Банк пен Клиент арасында жасалған Шот ашуға арналған өтініш және Банктік қызмет көрсету шарты негізінде Шот ашады.
- 1.2 Шартқа қол қоя отырып, Клиент Шоттарды ашудың, жүргізудің, жабудың барлық талаптарын қабылдайды және осы Жалпы Шарттарға қосылады, сондай-ақ, осы Жалпы Шарттардың және Банктік қызмет көрсету шартының барлық ережелері толық көлемде Клиенттің мүдделері мен еркіне сәйкес келетінін растайды.
- 1.3 Банк Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз өз қарауы бойынша егер, оны Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі саясаты, стандарттары және рәсімдері талап ететін жағдайда Шоттарды ашу/жүргізу/жабу, Карточканы шығару және оған қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізіміне өзгерістер енгізуге құқылы. Егер, осындай өзгерістерге байланысты Шотты ашу/жүргізу/жабу, Карточканы шығару және оған қызмет көрсету, Несиені алу үшін қосымша құжаттарды ұсыну талап етілетін жағдайда, Клиент осы Жалпы Шарттарға қосыла отырып, өз келісімін білдіреді және Банк көрсеткен тізімге сәйкес оларды Банк көрсеткен мерзімде беруге міндеттенеді.
- 1.4 Жеке деректер және/немесе Шотты жүргізуге қатысты ақпарат өзгерген жағдайда (компанияның заңды мәртебесінің, Клиенттің атынан қол қою құқығы бар тұлғалардың тектерінің және басқаларының өзгерістерін қоса, бірақ шектелместен) Клиент мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын (нотариалды куәландырылған көшірмелерді) қоса бере отырып, Банкті бұл туралы жедел хабарландыруға міндетті. Кез келген мұндай өзгерістер Банктің Хабарламаны және тиісті растау құжаттарын алуды растаудан кейін ғана күшіне енеді. Банк осы өзгерістерді растайтын құжаттарды талап етуге құқылы, ал Клиент беруге міндетті.
- 1.5 Клиент Шотты заңнама және осы Жалпы шарттар талаптарына сәйкес басқа Шотқа Ақшаны салу, Шоттан алу және аудару үшін пайдалануы мүмкін.
- 1.6 Үшінші тұлғаның Шотты ашуы осындай үшінші тұлғаның пайдасына Клиент берген немесе Заңнамада көзделген өзге де жағдайларда нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде жүргізіледі. Клиенттің үшінші тұлға-өкіл арқылы Банкте бірінші шотты ашуына жол берілмейді.

- 1.7 Банк Шотты ашу немесе ашудан бас тарту туралы шешімді жеке қабылдайды.

2-бап. Төлемдер мен ақша аудару

- 2.1 Барлық Ақша төлемдері мен аударымдары егер, Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі саясатында, стандарттары мен рәсімдерінде және валюталық реттеу туралы заңнамада көзделген талаптарды сақтауды ескере отырып, өзге көзделмеген жағдайда банктік операцияларды орындау үшін қажетті уақытты ескере отырып, және Клиент айқындайтын кезектілікте Банктің орындауына жатады.
- 2.2 Клиент Шоттағы Ақшаға иелік етуді жазбаша нұсқамалар беру жолымен жүзеге асырады. Шотқа иелік ету туралы нұсқама Банк қолданатын стандартты бланкілерде орындалуы тиіс. Клиент мұндай нұсқама Қолданыстағы заңнамада, Банктің саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде көзделген Клиенттің нұсқамасын Банктің тиісті орындауы үшін қажетті барлық ақпараттан тұруы талабы кезінде өзге нысанда нұсқаманы Банкке беруге құқылы. Мұндай жағдайда, Банк Қолданыстағы заңнамада талап етілетін немесе Банк пайдаланатын нысан бойынша төлем құжатын жеке қалыптастырады. Клиент мұндай қызметті Тарифтерге сәйкес төлейді.
- 2.3 Шоттағы Ақшаны иелік ету туралы нұсқамаларды берудің кез келген өзге де тәсілдері жазбаша нысанда Банк пен Клиент арасында алдын ала келісілуі тиіс, одан кейін бұл нұсқамаларды Банк орындауға қабылдайды.
- 2.4 Банк мынадай:
а) түсініксіз нұсқамалардан тұратын; толтырылмаған немесе Клиенттің/Салымшының атынан қол қойылмаған;
б) Қолданыстағы заңнамада көзделген мәліметтерден тұрмайтын;
в) қарындашпен толтырылған;
г) түзетулерден тұратын;
д) Қолданыстағы заңнаманы бұзатын операцияларды жүргізу туралы нұсқамадан тұратын;
е) Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде көзделген өзге жағдайларда төлем құжаттарын орындауға қабылдамайды.

Банк мұндай төлем құжаттарын Клиентке Қолданыстағы заңнамада көзделген рәсімдерді сақтай отырып, Клиентке қайтарады. Банк Банктің осындай нұсқамаларды орындауында бас тартуымен байланысты Клиент/Салымшы шеккен шығыстар үшін жауапкершілікте болмайды.

- 2.5 Банк заңнамада көзделген талаптарға сәйкес ресімделген төлем құжаттары мен өзге де нұсқаулықтарды ғана қабылдайды. Олай болмаған жағдайда, Банк заңнамада көзделген мерзімде Клиентке тапсырманы қайтарады немесе бас тарту себебін көрсете отырып, тапсырманы орындаудан бас тарту туралы хабарламаны Клиентке жібереді, бұл ретте, Банк Клиент шеккен шығындар мен зияндар үшін жауапкершілікте болмайды.
- 2.6 Банк Шоттағы теңгерме шегінде, Несие сомасы шегінде немесе егер, мұндай Овердрафт заңнамаға қайшы келмейтін жағдайда Овердрафт бойынша келісілген қалдық шеңберінде Клиенттің нұсқамасына сәйкес Ақша төлемдері мен аударымдарды жүзеге асырады. Егер, Шотта Ақша жеткіліксіз болған немесе төлем сомасы Несие сомасынан асқан жағдайда Банк орындаусыз Клиентке төлем құжаттарын қайтаруға немесе Клиенттің мекенжайына заңнамада көзделген мерзімде орындаудан бас тарту туралы хабарламаны жіберуге құқылы. Банк Клиенттің төлем құжаттарын жартылай орындауды жүргізбейді.
- 2.7 Банк Шотты Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде Клиенттің пайдасына аударылған сомаға (осы аударумен байланысты шығыстардың шегерімімен) несиелейді. Клиент күтпеген және/немесе алуы тиіс емес соманы оның Шотына несиелеу туралы, осындай соманы аудару фактісі туралы мәлім болған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінен кешіктірмей Банкті хабарландыруға міндетті.
- 2.8 Тараптар, Клиенттің, оның ішінде, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық және кез келген нұсқамалары егер, Банк Тарифтерінде өзге мерзім көрсетілмеген жағдайда Операциялық күн ішінде ғана қабылданатынына келіседі. Операциялық күннен кейін Клиент жасаған нұсқамаларды Банк келесі Операциялық күні акцептейді.
- 2.9 Клиент Банкке, оның ішінде, Операциялық күннің аяқталуы бойынша салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі нұсқамаларды берумен байланысты барлық тәуекел мен жауапкершілікті өзіне қабылдайды.
- 2.10 Клиент төлем құжаттарында деректемелерді бұрыс көрсетумен байланысты барлық тәуекел мен жауапкершіліктерді өзіне қабылдайтынын мәлімдейді және кепілдік береді.
- 2.11 Клиент Банкке, оның талап етуі бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды беруге міндетті.
- 2.12 Клиент төлем құжаттарында валюталандыру күнін көрсетуі тиіс. Осындай төлем құжаттарын акцептеумен байланысты Банктің құқықтары мен міндеттіліктері Қолданыстағы заңнамамен және осы Жалпы Шарттармен реттеледі.
- 2.13 Клиенттің Банк акцептеген нұсқаманы қайтарып алуы және нұсқаманы орындауды тоқтата тұру Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі.

- 2.14 Банк Банктің осындай өкілеттіктерге қатысты Клиенттің жазбаша нұсқаулығының болуы талабымен Банкте ашылған, Клиенттің бір Шотынан екіншісіне Ақшаны аударады. Бұл ретте, Клиенттің әрбір осындай операцияны жүзеге асыруы үшін төлем құжаттарын беруі егер, Қолданыстағы заңнамада, Тараптардың келісімімен, Банктің ішкі саясатымен, стандарттарымен және рәсімдерімен өзге көзделмеген жағдайда Клиенттің тілегі бойынша жүргізіледі.
- 2.15 Шоттарға қатысты олар бойынша сыйақы есептелетін қалдықтарға валюталандыру күні сол сәттегі валюталандыру ережесінің мәні болып табылады (Клиентті алдын ала хабарландырусыз оның қарауы бойынша Банк мерзім сайын өзгертуі мүмкін). Осындай аудармаға қатысты комиссиялардың мөлшері Банк уақыт сайын өзгертуі мүмкін Банк Тарифтерінде көрсетіледі. Банк оның алдын ала келісімінсіз Клиенттің Шотынан комиссияны есептен шығаруға құқылы.
- 2.16 Шот бойынша өткізбеде, Шот бойынша растауда, көшірмеде және/немесе Банк Клиентке берген басқа ақпаратта олар жүргізген қателерді Банктің анықтауы жағдайында Банк бұл туралы Клиентті жедел хабарландыруға және қысқа мерзімде бұрыс жүргізілген есептерге түзету жүргізуге міндетті. Банк Клиенттің алдын ала келісімінсіз Шотты кредиттеу немесе дебеттеу жолымен есептерге түзету жүргізуге құқылы. Бұл ретте, Банк Банктің тарапынан өрескел ұқыпсыздық нәтижесі болып табылатын бұрыс жүргізілген есептерді қоспағанда, осындай түзетулердің нәтижесінде туындаған шығындар үшін жауапкершілікте болмайды.
- 2.17 Ақша төлемдері мен аударымдары туралы нұсқамаларды, оларды кері қайтарып алу туралы өкімдерді электрондық тәсілмен беру Банкте Шоттың болуымен байланысты жасалатын электрондық жүйелерді пайдалану жөніндегі Банк пен Клиенттің қарым-қатынастарын реттейтін тиісті шартпен көзделген негізде және тәртіппен жүргізіледі. Осы Жалпы Шарттар мен Шарт осы шартта реттелмеген бөлікте электрондық жүйелер бойынша түскен төлем құжаттарын Банктің өңдеу мәселелерін реттейді.
- 2.18 Клиент Банк HSBC тобы банктік желісінің бөлігі болатын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды, терроризмді қаржыландыруды, алаяқтықты, сыбайлас жемқорлықты және т.б. қоса алғанда, бірақ шектеулерсіз Банкті қылмыстық іс-әрекеттерге тарту жағдайларының және Ақшаны жылыстату жөніндегі кестелердің алдын алу бойынша белсенді жұмыс істейтінін мойндайды және келіседі. Банк жұмысының стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ, Клиенттердің Банктің адалдығына деген сенімі жоғалмауына бағытталған. Осыған орай, Банк, өз қарауы бойынша Банк Клиенттеріне және мерзім сайын өзгеруі мүмкін Банк Клиенттері жасайтын мәмілелерге/транзакцияларға/төлемдерге/Ақша аударымдарына белгілі бір талаптарды белгілейді. Егер, мұндай мәмілелер/транзакциялар/төлемдер/Ақша аударымдары Банктің/HSBC тобының талаптарына, саясаттарына, стандарттарына және рәсімдеріне жауап бермейтін жағдайда, онда Банк өз қызметтерін беруден бас тартуға құқылы.
- 2.19 Клиент:
а) Банк осы баптың 2.18-тармағында белгіленген талаптарға жауап бермейтін Клиент Ақшасының төлемдерін/аударымдарын анықтайтын электрондық жүйелері мен басқа да тәсілдерін қолданатынын;
б) осындай Ақша төлемін/аударымды анықтау кезінде Банк Клиенттің төлем құжатының акцептінде бас тартуға және/немесе көрсетілген төлемді/аударымды талдау үшін кез келген қосымша ақпаратты беруді талап етуге құқылы екендігін назарға алады және келіседі. Банк көрсеткен мерзімде мұндай ақпаратты бермеу кезінде Банк Клиенттің пайдасына түскен Ақшаны қайтаруға немесе төлем құжатының акцептінде бас тартуға құқылы.
- 2.20 Клиент Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда құқық қорғау органдарына, Өкілетті органға, сондай-ақ, өзге де мемлекеттік органдар мен мекемелерге жүргізілетін төлемдер/Ақша аударымдары/төлем құжаттары туралы ақпаратты арналған келісімін Банкке береді.
- 2.21 Клиент егер мұндай бар болатын болса, Өкілетті тұлға/Сенімді тұлға арқылы егер, қолдардың және мөр бедерінің үлгілерімен Құжатта көрсетілген тұлғалар қол қойған басқа уағдаластық болмаған жағдайда Шот типіне байланысты Банк қолданатын тапсырмалардың (өкімдердің) стандартты бланкілерінде Банкке берілуі тиіс жазбаша тапсырмалар (өкімдер) арқылы Шотта сақталатын Ақшаға иелік ете алады.
- 2.22 Тапсырмаларды берудің кез келген өзге тәсілдері жазбаша нысанда Банк пен Клиент арасында және қолданыстағы заңнама нормаларын ескере отырып, жеке келісілуі тиіс.
- 2.23 Клиент шетелдік валютада Шотты ашумен және жүргізумен байланысты және шетелдік валютаға қатысты мемлекеттік органдар белгілеген шектеулермен байланысты туындауы мүмкін тәуекелдерді қабылдайды. Мыналарды қоса алғанда, бірақ шектелместен, валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді, сондай-ақ, Шоттағы Ақшаға қолданылуы мүмкін салықтарды немесе өзге де міндетті төлемдерді енгізу осындай шектеулер болып табылуы мүмкін.
- 2.24 Басқа валютада үшінші тұлғалардың немесе Клиенттің шотына бір валютадағы шоттан Клиенттің тапсырмасы бойынша аударымдарды жүзеге асыру жағдайында Банк егер, тараптар өзге белгілемесе, онда осындай операцияны жүзеге асыру сәтіне Банк белгілеген ағымдағы бағам бойынша айырбастауды жүзеге асырады. Мұндай операциялар валюта заңнамасының талаптарын сақтай отырып, жүргізіледі.
- 2.25 Қазақстан Республикасындағы резиденттер мен резидент еместер арасында шетелдік валютадағы барлық операциялар егер, заңнамамен өзге белгіленбесе, олардың банктік шоттары арқылы қолма қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

3-бап. Банк бөлімшелерінде кассалық қызмет көрсету

- 3.1 Қолма қол ақшалармен операциялар мыналарды қамтиды: Банктің әртүрлі валютадағы қолма қол ақшаны қабылдауы, қайта есептеу, сұрыптау, орау, айыру, айырбас, есептеу, алу және оларды беру, Банктің банкноттар мен монеталарды әртүрлі валюталарда сақтауы. Банк қолма қол ақшамен аталған операцияларды Қолданыстағы заңнамада, банкоматтарды пайдаланумен байланысты Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде белгіленген тәртіппен Операциялық сағаттарда жүзеге асырады.
- 3.2 Банк оларды бір бірлеп санаудан және ораудан кейін нақты алынған ақша сомасына Клиенттің Шотын несиелейді. Қолма қол ақшаны беру овердрафттарды беру жағдайларын қоспағанда, Банк Тарифтерімен көзделген Банк комиссиясының минусымен Шоттағы қалдық шегінде жүргізіледі. Қолма қол ақшаны алу жағдайында Банк Клиенттен алынуға жататын соманы көрсете отырып, осындай алуға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабарламаны талап етуге құқығы бар. Осындай алудан Клиенттің одан кейінгі бас тартуы жағдайында қолма қол ақшаны алу үшін Банк есептен шығарған комиссиялықтары қайтарылмайды. Клиенттің ірі мөлшерде шотқа қолма қол ақшаны енгізуі жағдайында Банктің енгізілетін ақшаның шығуын растайтын құжаттарды талап етуге құқығы бар.
- 3.3 Клиент оның атынан Шотқа енгізілген Ақша, олар Шотқа енгізілген Банктің сол филиалында/бөлімшесінде немесе Қазақстан Республикасының аумағында Банктің басқа филиалында/бөлімшесінде (Карточканың көмегімен қолма қол ақшаны алуды қоспағанда) Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде белгіленген тәртіппен Клиент қолма қол ақшамен алынуы мүмкіндігіне келіседі.
- 3.4 Шетелдік валютада кассалық қызмет көрсету валюталық заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Кассалық операцияларды жүзеге асыру процесінде айырбастауды жүзеге асыру кезінде Тараптар, егер, олардың арасында өзге уағдаластық жоқ болған жағдайда, айырбастау сәтіне арналған Банктің ағымдағы бағамын қолданады.

4-бап. Шетелдік валютамен операциялар

- 4.1 Клиент Шотты Қолданыстағы заңнамада және осы Жалпы Шарттарда көзделген ережелер шеңберлерінде шетелдік валютада операцияларды жүзеге асыру үшін пайдалануы мүмкін.
- 4.2 Клиент Шотты ашумен және жүргізумен, валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді, сондай-ақ, Шоттағы Ақшаға қолданылуы мүмкін салықтарды немесе өзге де міндетті төлемдерді енгізуді қоса алғанда, бірақ шектелместен шетелдік валютаға қатысты мемлекеттік органдар белгілеген шектеулермен байланысты туындауы мүмкін шетелдік валютада Карточканы шығарумен байланысты тәуекелдерді қабылдайды.
- 4.3 Шетелдік валютамен барлық операциялар Қолданыстағы заңнамада, Қазақстан Республикасының резиденттері арасындағы шетелдік валютада есептерді жүзеге асыруға тыйым салуды қоса алғанда, бірақ шектелместен, Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.
- 4.4 Клиент Қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік туралы, Қолданыстағы заңнамада белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ, Клиент жол берген Қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы құқық қорғау органдары мен Өкілетті органды хабарландыру бөлігіндегі Банктің міндеттіліктері туралы өз хабардарлығын растайды.

5-бап. Шоттан қаражаттарды есептен шығару

- 5.1 Шоттан қаражаттарды есептен шығару Заңнамада, Банктік қызмет көрсету шартында, осы Жалпы шарттарда, Банктің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің келісімімен ғана жүргізіледі.
- 5.2 Үшінші тұлғалардың төлем нұсқамалары Қазақстан Республикасының тиісті сот немесе өзге де мемлекеттік органының шешімі негізінде, сондай-ақ, Қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да негіздемелер бойынша Клиенттің алдын ала келісімінсіз орындауға қабылданады және орындалады. Банк егер, үшінші тұлға Банкке Клиенттің оның шотынан ақшаны акцептсіз алып қоюға келісімінен тұратын оған құжаттың қосымшасымен нұсқаманы көрсететін болса, Клиенттің шотынан акцептсіз есептен шығаруды жүргізуге құқығы бар.
- 5.3 Банк осы Жалпы Шарттардың 2-бабының 2.16-тармағына сәйкес, сондай-ақ, оған Банктің Тарифтерінің, Жалпы шарттар мен оларға одан кейінгі түзетулердің негізінде Банктің құқығы бар кез келген және барлық комиссияларды қоса алғанда, Банкке Клиентке төлеуге арналған берешегінің кез келген және барлық сомасының шегерімі тәртібімен Банктің түзетуші операцияларына қатысты оның адын ала келісімінсіз Клиенттің барлық және кез келген Шоттарын дебеттеуге құқылы.
- 5.3.1 180 (жүз сексен) күнге дейінгі мерзіммен Берешек, Банктің пайдасына есеп ретінде Шоттан Банк алып қойған барлық сома мынадай кезектілікпен осындай Берешекті өтеуге жіберіледі:
а) Овердрафт үшін айыппұл;
б) Овердрафт;
в) Шарт, осы Жалпы Шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамаумен байланысты Банк шеккен тікелей және/немесе жанама шығындар және шығыстар;

- г) тұрақсыздық айыптары, айыппұлдар, өсімақы;
- д) сыйақы/мүдде;
- е) Негізгі берешек сомасы.

- 5.3.2 180 (жүз сексен) күннен астам мерзіммен Берешек, Банктің пайдасына есеп ретінде Шоттан Банк алып қойған барлық сома мынадай кезектілікпен осындай Берешекті өтеуге жіберіледі:
- а) Овердрафт үшін айыппұл;
 - б) Овердрафт;
 - в) Шарт, осы Жалпы Шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамаумен байланысты Банк шеккен тікелей және/немесе жанама шығындар және шығыстар;
 - г) Негізгі берешек сомасы;
 - д) тұрақсыздық айыптары, айыппұлдар, өсімақы;
 - е) сыйақы/мүдде.
- 5.4 Клиент Банк оның иелігіне берген бланкілермен, деректерді тасығыштармен және байланыс құралдарымен ұқыпты жұмыс істеуі тиіс. Егер, Клиентке, мысалы, бланктерді, деректерді тасығыштарды және байланыс құралдарын жоғалту, ұрлау немесе заңсыз пайдалану сияқты осындай жағдайлар мәлім болған кезде Клиент бұл туралы Банкті жазбаша нысанда жедел хабарландыруға міндетті.
- 5.5 Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруды және/немесе Шоттағы Ақшаға тыйым салуды Банк Қолданыстағы заңнамада белгіленген негіздемелер бойынша және рәсімге сәйкес жүзеге асырады.
- 5.6 Банк Клиенттің, оның ішінде, Қолданыстағы заңнамада, осы Жалпы Шарттарда, Шартта, Банкінің ішкі саясатында, стандарттарында және рәсімдерінде көзделген жағдайларда төлемерді/аударымдарды жүзеге асырумен байланысты нұсқаулығын орындамауға құқылы.

6-бап. Айырбастау жөніндегі қызметтер

- 6.1 Клиент айырбастау операцияларын жүргізуді және айырбасталған Ақшаны пайдалануды реттейтін Қолданыстағы заңнаманы сақтауға міндетті.
- 6.2 Айырбастау Шоттағы теңгерме шегінде және айырбастау сәтінде Банк белгілеген нысан бойынша және/немесе Банк пен Клиент арасында келісілген нысан бойынша дайындалған Клиенттің өтінімі негізінде жүзеге асырылады. Банк 2-баптың 2.24-тармақшасында және 3-баптың 3.4-тармақшасында көзделген жағдайларда айырбастауға өтінімді ресімдеуді талап ете алады.
- 6.3 Айырбастау бағамы Банк пен Клиент арасында келісіледі. Банк Заңнамаға сәйкес және Клиенттің Ақшасы болуы кезінде айырбастау бойынша операцияларды жүзеге асырады: а) шетелдік валютадан қазақстандық теңге; б) қазақстандық теңгеден шетелдік валюта. Мұндай уағдаластық болмаған кезде айырбастау сәтіне Банк белгілеген ағымдағы бағам қолданылады.
- 6.4 Клиент өз қарауы бойынша бір валютадан екіншісіне Банкте ашылған Шоттардың кез келгенінен Ақшаны айырбастауға Банкке өкілеттік беруге құқылы.
- 6.5 Клиент Шот валютасына Клиенттің пайдасына түсетін Ақшаны айырбастауға құқылы. Банк шотты ашуға Клиенттің Өтініші және Банктің стандартты ағымдағы бағамы бойынша Клиент тарапынан қандай да қосымша келісімсіз немесе өкілеттіксіз негізде аталған іс-әрекеттерді жүргізуге өкілетті.
- 6.6 Банк, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес айырбастау бойынша мынадай операцияларды жүзеге асырады:
- а) шетелдік валютадан қазақстандық теңгеге (FCY-KZT);
 - б) қазақстандық теңгеден шетелдік валютаға (KZT-FCY);
 - в) шетелдік валютадан басқа шетелдік валютаға (FCY-FCY).
- 6.7 Ағымдағы шот бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде айырбастау бағамын Банк айқындайды. Карточкалық операциялар бойынша:
- а) карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шотты толықтыру жөніндегі операцияларды Клиенттің жүргізуі кезінде қолма қол Ақшамен және қолма қол ақшаны алумен, Банктің қызмет көрсету желілеріндегі Кәсіпкерлердің тауарларды және/немесе қызметтерді төлеуі кезінде – Банк бағамы;
 - б) Клиенттің қолма қол ақшаны алу жөніндегі операцияларды жүргізуі кезінде, басқа банктердің қызмет көрсету желілеріндегі Кәсіпкерлердің тауарларын және/немесе қызметтерін төлеу кезінде – тиісті төлем жүйесінің және/немесе Банктің бағамы;
 - в) өзге жағдайларда – тиісті төлем жүйесінің және/немесе Банктің бағамы.

7-бап. Банк көрсететін қызметтер үшін төлем

- 7.1 Клиент Банк қызметін төлеуге, сондай-ақ, егер, жазбаша нысанда Банк пен Клиент арасында өзге келісімдесе, Банктің қолданыстағы Тарифтерімен көзделетін мөлшерлерде және жағдайларда Клиенттің нұсқамасы орындалған валютада Клиенттің нұсқаулықтарын/өкімдерін олардың орындауымен байланысты Банк шеккен барлық шығындарды өтеуге кепілдік береді. Банктің Тарифтерін Банк біржақты тәртіппен уақыт сайын өзгертуі және толықтыруы мүмкін.
- 7.2 Банк оның алдын ала келісімсіз комиссиялар сомасына Клиенттің Шотын тікелей дебеттеу жо-

лымен оларға ұсынылған қызмет үшін төлемді (комиссияны) өндіріп алуға құқылы. Осы комиссияларда есептен шығаруға жататын валютадағы Шотта ақша сомасының жеткіліксіздігі жағдайында Банк басқа валютада Шоттардан комиссиялар сомасының қажетті эквивалентін айырбастауға және комиссиялар сомасын өтеуге құқылы. Айырбастау Банк есептен шығару күніне белгілеген ағымдағы бағам бойынша жүргізіледі.

- 7.3 Егер, Шоттағы сома Банк қызметін төлеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда Банк өз қарауы бойынша Заңнамаға сәйкес, оның ішінде, кез келген Банкте ашылған Клиенттің кез келген шотынан берешек сомасын акцептісіз есептен шығару жолымен, Клиенттің берешек сомасын өндіріп алуға немесе балама ретінде, қызмет үшін төлеуге жататын соманы Шотта бар сомаға дейін азайтуға және қызмет көрсетуді тоқтатат тұруға құқылы. Тоқтата тұрудан кейін қызмет көрсетуді жаңғыртуды Банк егер, қызмет көрсету тоқтатылмаған, ал Банкке бұрын төлеуге жататын соманы Банк азайтпаған болса, Банкке төлеуге жататын соманы Клиенттің Банкке төлеуі жағдайында ғана Банк қарастыратын болады.
- 7.4 Банк Шот бойынша Көшірмеге комиссияларды өндіріп алу туралы растауды қосуға және егер, осы ақпаратты Банктің тиісті қызметіне қатысты құжатан алуға болмайтын жағдайда қосымша жазбаша есептерді беруге құқылы.
- 7.5 Банк Карточкалық операциялар үшін шотқа/Ағымдағы шотқа қызмет көрсету үшін комиссияны әрбір күнтізбелік айдың басында немесе Карточкалық операциялар үшін шотты/Ағымдағы шотты ашу күніне өндіріп алады.
- 7.6 Тараптар:
- а) Шартты бұзу жағдайында Клиент төлеген Карточкалық операциялар үшін шотқа/Ағымдағы шотқа қызмет көрсету үшін комиссия Клиентке қайтаруға жатпайтынын;
 - б) Банктің ішкі саясатымен, стандарттарымен және рәсімдерімен айқындалған мерзім ішінде Клиент бастамашылық жасаған Шот бойынша операциялардың болмауы жағдайында Банк басқа Тарифке Клиентті қосымша хабарландырусыз көшіруге құқылы екендігіне келіседі.

8-бап. Үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану

- 8.1 Банк өз міндеттемелерін және Клиенттің өкімдерін/нұсқаулықтарын орындау және үшінші тұлғаларды пайдалану Қолданыстағы заңнамада тікелей белгіленген жағдайларды қоса алғанда, бірақ шектелместен, Шартқа сәйкес өзге де қызметтерді Клиентке ұсыну кезінде үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға құқылы.
- 8.2 Банк үшінші тараптардың іс-әрекеті үшін жауапкершілікте болмайды. Банк үшінші тұлғалардың іс-әрекеті үшін жауап бермейтініне қарамастан, егер, Клиент шығынға ұшырайтын болса, Банк егер, олар үшінші тұлғалардың іс-әрекетінің нәтижесі болып табылған, соңғысының шығындарын өтеуде Клиентке барлық мүмкін болатын көмекті әрқашан көрсететін болады.
- 8.3 Банк Клиенттің қосымша келісімін алмастан үшінші тұлғаларға Шарт бойынша Клиенттің Берешегін өндіріп алуды тапсыруға және осындай үшінші тұлғаларға Банктің тапсырмаларын орындау үшін қажетті барлық ақпарат пен құжаттарды беруге құқылы.

9-бап. Хабарландырулар

- 9.1 Хабарландыру – бұл Тараптардың осы Жалпы Шарттарда, және Шартпен, сондай-ақ, Банктің ішкі саясатымен, стандарттарымен және рәсімдерімен көзделген тәсілдермен жіберілген қазақ және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілдеріндегі хабарламасы. Осы Жалпы Шарттарда және Шартта көзделген барлық Хабарландыруларды Тараптар осы Жалпы Шарттарда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жазбаша нысанда жасайды.
- 9.2 Тараптар Банктен Клиентке кез келген Хабарламалар мұндай Хабарламалар мынадай тәсілдердің бірімен Банктің Клиентке жіберуі кезінде жазбаша түрде ресімделген және Клиент алған деп саналатынына келіседі және растайды:
- а) алу туралы қолын қойдыра отырып, қолына тапсыру;
 - б) телефакс бойынша;
 - в) телеграф бойынша;
 - г) электрондық пошта бойынша;
 - д) СВИФТ
 - е) Рейтер Дилинг
 - ж) ұялы байланыс бойынша;
 - з) Банктің WEB-сайтында Интернетте тиісті ақпаратты орналастыру жолымен;
 - и) бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті ақпаратты орналастыру жолымен;
 - к) Банкомат экранында тиісті ақпаратты орналастыру жолымен;
 - л) курьерлік немесе өзге де пошта қызметі арқылы.
 - м) Абонент Жәшігіне салынады.
- 9.3 Тараптар Банктен Клиентке кез келген Хабарламалар мұндай Хабарламалар мынадай тәсілдердің бірімен Банктің Клиентке жіберуі кезінде жазбаша түрде ресімделген және Клиент алған деп саналатынына келіседі және растайды:
- а) алу туралы қолын қойдыра отырып, Банктің өкілетті қызметкеріне тапсыру;
 - б) курьерлік немесе өзге де пошта қызметі арқылы.

- 9.4 Хабарламаны адресаттың алу күні:
 а) жеке немесе курьерлік қызмет не өзге пошта байланысы қызметі арқылы тапсырылатын Хабарламалар үшін – пошта жіберілімдерін жеткізу күні;
 б) телефакс/телеграф/телекс/электрондық пошта/ұялы байланыс бойынша жіберілетін Хабарламалар үшін – Хабарламаны жіберу күні;
 в) бұқаралық ақпарат құралдарында/банктің WEB-сайтында Интернетте орналастырылған Хабарламалар үшін – Хабарламаны орналастыру күні;
 г) Абоненттік Жәшікте орналастырылған Хабарламалар үшін – Абонент Жәшігінде орналастыру күні деп саналады.
- 9.5 Банк Клиенттің жазбаша келісімі кезінде Клиент жазбаша айқындаған жиілікпен танылған халықаралық немесе өзге курьерлік қызмет арқылы Клиенттің мекенжайы бойынша тұрақты негізде кез келген хат-хабарларды (шот бойынша көшірмелерді, хабарламаларды және т.б. қоса алғанда, бірақ шектеместен) жібереді. Клиент Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес әрбір жеткізу үшін хат-хабарларды жеткізу бойынша комиссияны төлейді. Банк курьердің хат-хабарларды жоғалтуы жағдайында жауапкершілікте болмайды. Клиент және/немесе Банк кез келген уақытта екінші Тарапты жазбаша хабарландыра отырып, хат-хабарларды жеткізуден бас тарта алады.
- 9.6 Тараптар Клиент Хабарламаларды жіберу және/немесе алу мақсаты үшін жедел байланыстың қандай да бір құралдарын пайдаланудың барлық және кез келген қатерін (мыналарды қоса алғанда, бірақ шектеместен, үшінші тұлғалардың кез келген қасақана іс-әрекеттерінің, оның ішінде, алаяқтық, жіберілген ақпаратқа өкілетті емес қолжетімділік, сондай-ақ, жедел байланыс құралдарының, қызметтерді жеткізушілердің немесе Хабарламаларды беру үшін пайдаланылатын жабдық жұмысындағы проблемалардан туындаған Клиенттің/Банктің оны алуына дейін мұндай ақпаратты жоғалтуы қатері) қабылдайтынын растайды.
- 9.7 Банк Хабарламаларды беру кезіндегі кез келген ақаулар үшін және/немесе оның көмегімен Хабарлама берілуі және/немесе алынуы тиіс тиіс кез келген жабдықтың олқылығы үшін жауапкершілікте болмайды.
- 9.8 Банк Клиенттің Хабарламаларды алмауы/уақтылы алмауы, егер, мұндай шығындар Банктің ұқыпсыздығы немесе өз міндеттемелерін қасақана орындамауы нәтижесі болып табылатындығы дәлелденбейтін болса ғана, үшінші тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері нәтижесінде туындаған Клиенттің шығындарын қоса алғанда, бірақ шектеместен жедел байланыс құралдарын пайдалана отырып, Хабарламаларды жіберумен байланысты Клиентке келтірілуі мүмкін кез келген шығындар үшін де жауапкершілікте болмайды.
- 9.9 Егер, басқа Тарап Хабарламаларды жіберу үшін пайдаланатын және/немесе пайдалануы мүмкін Тараптардың біреуінде оның байланыс деректерінде/деректемелерінде қандай да бір өзгерістер болған жағдайда (мысалы, үй немесе жұмыс мекенжайындағы, телефакс/телефон нөміріндегі, электрондық пошта мекенжайындағы және т.б. өзгерістер ғана емес), онда мұндай өзгерістерге ұшыраған Тарап екінші Тарапқа бұл туралы жедел (барлық жағдайларда осындай өзгеріс күнінен бастап жеті күнтізбелік күннен кешітірмейтін мерзімде) Хабарлама жіберуге тиіс.
- 9.9.1 Банк ол туралы Клиент осы Жалпы Шарттарға сәйкес Банккі жазбаша хабарландырмаған, Клиенттің байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруімен туындаған Клиенттің Хабарламаларды алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауапкершілікте болмайды.
- 9.10 Егер, Банк өз құқығын пайдаланған және осы Жалпы шарттарға және/немесе Тарифтерге қандай да бір өзгерістерді енгізген жағдайда, онда Банк оларды қолданысқа енгізгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде осындай өзгерістер туралы Клиентті хабарландыруға міндетті. Бұл ретте, мұндай хабарландыру егер, Банк осы Баптың 9.2-тармағында көзделген тәсілдердің бірімен (оның ішінде, Көшірмеге қосымша ақпаратты енгізу жолымен) немесе Банк бөлімшелерінде тиісті ақпаратты орналастыру жолымен Клиентті хабарландыратын болса, жазбаша түрде ресімделген және Клиент алған деп саналады.
- 9.11 Егер, Клиент Абонент жәшігін пайдалану туралы шартқа сәйкес абонент жәшігін пайдаланушы болып табылмайтын болса, онда ол Банккің орналасқан жері бойынша оған жіберілген барлық хат-хабарларды (көшірмелер, талап-тапсырмалар, инкссалық өкімдер және басқалары) ағымдағы айдың соңынан кешіктірмей алуға тиіс. Банктен шығатын, барлық хат-хабарларды, атап айтқанда: көшірмелерді, хабарламаларды, хабарландыруларды, хаттарды және т.б., тіптен оны клиенттің талап етуіне дейін барлық хат-хабарларды сақтауға қабылдай отырып, Банк жоғарыда көрсетілген құжаттардағы ақпаратты оған уақтылы емес жеткізумен байланысты клиент көтеруі мүмкін болжамды шығындар үшін кез келген жауапкершіліктен босатылады. Банк алты айдан астам мерзімге хат-хабарларды алуда Клиенттің мұрсаты өткен жағдайда Клиентті қандай да бір хабарландырусыз алынуға мұрсаты өткен хат-хабарды мұрағатқа жіберуге құқығы бар, одан мұндай хат-хабар Банккің тарифтеріне сәйкес қосымша ақы үшін Клиентке берілетін болады.

10-бап. Шот бойынша көшірме

- 10.1 Банк Клиенттің талабы бойынша Шот бойынша Клиентке көшірмені береді. Көшірмені беру үшін Банк Тарифтерімен көзделген Банккің комиссиясы өндіріп алынады. Банк еркін нысанда хабарламаларды жіберу жолымен оның төлем тапсырмаларын орындау туралы Клиентті хабарландыра алады.

11-бап. Дауларды реттеу

- 11.1 Клиент Банктен алынған, оның ішінде, Хабарламаларда көрсетілген барлық ақпаратты жедел тексеруге міндетті. Бұдан өзге, Клиент Банккің Клиенттің тапсырмаларын орындауының дұрыстығын тексеруге міндетті. Егер, Клиент қандай да бір дәлсіздікті, дұрыс емес және/немесе толық емес орындауды, заңсыз операциялардың болуын табатын болса, онда ол бұл туралы Банккің телефон бойынша, ал одан кейін жазбаша нысанда жедел хабарландыруы тиіс.
- 11.2 Егер, Банк Шот бойынша операцияларды жүргізу кезінде туындайтын және/немесе Клиентке ұсынылған ақпараттағы, оның ішінде, Хабарламалардағы қандай да бір қателіктерді/дәлсіздіктерді анықтаған жағдайда Банк мұндай қателіктерді/дәлсіздіктерді түзетуге міндетті. Бұл ретте, Қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк анықталған қателіктерді/дәлсіздіктерді түзетумен байланысты Клиент шеккен шығындар үшін жауапкершілікте болмайды. Банк сондай-ақ, Клиенттің келісімінсіз Шотты кредиттеу/дебеттеу жолымен есептерге түзету жүргізуге құқылы.
- 11.3 Егер, Клиент оларды жасау күнінен бастап 6 (алты) ай ішінде (ал Карточкалық операциялар үшін ағымдағы шот бойынша 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде) Шот бойынша жазбаша нысанда бұрыс жүргізілген операцияларға наразылық білдірмеген жағдайда, онда оларды Клиент толық көлемде мақұлдаған және қабылдаған деп саналатын болады. Бұл жағдайда, аталған операцияларды жүзеге асырумен байланысты қолайсыз салдарлар Клиенттің қатері және жауапкершілігі болып табылады. Арифметикалық қателіктерді табу кезінде Банк көрсетілген мерзімнің аяқталуы бойынша оларды түзетуге міндетті.
- 11.4 Клиент Банккің Шот бойынша жүргізілген операциялардың негізділігін растайтын құжаттардың көшірмелерін беруін талап етуге құқылы.
- 11.5 Клиент барлық даулар бойынша жазбаша сұрау салумен Банкке жүгінеді. Банк даудың мәніне байланысты халықаралық төлем жүйесіне сәйкес келетін Банккің/Банктің басты компаниясының ішкі саясатына, стандарттарына және рәсімдеріне сәйкес оны қарау мерзімін айқындайды.
- 11.6 Клиенттің талаптарын негізді деп тану жағдайында, Банк жүргізілген операцияларға түзету, сондай-ақ, пайда болған жағдайды реттеу үшін өзге де қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді.
- 11.7 Клиенттің талаптарын негізсіз деп тану жағдайында, Клиент Банкке кейбір жағдайларда даулы операцияның сомасынан асуы мүмкін тиісті төлем жүйесінің айыппұлдарымен, тарап-арыздарды қарау үшін Банккің комиссиясын қоса алғанда, бірақ шектелмесен, қойылған талап-арызды қарастырумен байланысты барлық шығыстарды өтейді. Банк осы Шарттар негізінде және Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз Шоттан шеккен шығыстарының сомасын алуға құқылы.
- 11.8 Клиент Клиенттің төлем құжаттарындағы қолының түпнұсқалығы туралы мәселені шешу кезінде Банк пен Клиент мынадай ережені басшылыққа алатынына келіседі: төлем құжатындағы қолдың бірінші символы Карточкада/Қолдардың үлгілерімен карточкада/жеке басын куәландыратын құжатта Клиенттің қолының (есімі немесе тегі) бастапқы символына сәйкес келмейтін жағдайда жасанды деп танылуы мүмкін. Бұл жағдай Банкте Карточканы ұстаушының қолын верификациялауды жүзеге асыру міндеттілігі заңнамада белгіленгендігімен және техникалық мүмкіндік Банкте жоқ болуымен байланысты Карточканы пайдалана отырып, жүзеге асырылатын операцияларға қолданылмайды.

12-бап. Клиенттің белгісіз жоқ болуы, қайтыс болуы

- 12.1 Осы Шарттар негізінде Банк егер, Банк Клиенттің белгісіз жоқ болуы/қайтыс болуы/өлді деп жариялауы фактісін растайтын құжаттың куәландырылған көшірмесін тиісті жолмен алған жағдайда, Шотты одан кейінгі жабумен Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқылы.
- 12.2 Қайтыс болған/қайтыс болған деп жарияланған Клиенттің Шотынан Ақшаны беруді Қолданыстағы заңнамада, Банккің ішкі саясатына, стандарттарында және рәсімдерінде белгіленген мерзімде және құжаттар негізінде Тарифтерге сәйкес Банк комиссияларының шегерімімен Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өклетті мұрагер/өзге тұлға жүргізеді.
- 12.3 Клиент Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен оның қайтыс болуы жағдайында Салым берілуі тиіс тұлғаларды көрсетуге құқығы бар.
- 12.4 Шотқа Шартты Салымды енгізген Салымшы Шартта көзделген талаптарды орындағанға Клиенттің қайтыс болуы жағдайында Салымға иелік етуге құқылы.
- 12.5 Клиенттің қайтыс болуы/Клиенттің белгісіз жоқ болуы/өлді деп тануы жағдайында Банк бір жақты тәртіппен Несие шартына сәйкес өз міндеттемелерінен барлығын немесе кез келгенін тоқтату туралы мәлімдеуге және/немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өкілетті мұрагерлерге/өзге тұлғаларға Берешектің барлық сомасына өндіріп алуды мерзімінен бұрын қоюға құқылы.

13-бап. Клиенттің өтініштері және кепілдері

- 13.1 Клиенттің мына төмендегі өтініштер мен кепілдері Шартты жасау және/немесе Өтінішті ресімдеу күніне шынайы және анық болып табылады және Шарттың барлық қолданылу мерзімінің ішінде осындай болып табылады:
 а) Клиент Қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын сақтайды және қазіргі уақытта,

мемлекеттің және оның органдарының, сондай-ақ, үшінші тұлғалардың тарапынан қандай да бір елеулі құқықтық талап-арыздары, талаптары жоқ;
б) Клиент Қолданыстағы заңнамаға толық сәйкестікте Шотты пайдаланады;
в) Клиент Қолданыстағы заңнаманы, оның ішінде, валюталық бақылау мәселелерін реттеуші заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабарландырылған;
г) Клиент валюталық бақылау мәселелерін реттейтін Қолданыстағы заңнама ережелерін бұзуы жағдайында Қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық қажетті іс-әрекеттерді қабылдау, оның ішінде, мұндай бұзушылық туралы құқық қорғау және өзге де өкілетті органдарды хабарландыру міндеттілігі туралы тиісті жолмен хабарландырылған;
д) Шартты орындау мақсатында Клиент ұсынатын барлық ақпарат (қамтамасыз ету туралы ақпаратты және қаржылық жағдайды қоса алғанда, бірақ шектелместен) шынайы, толық және дәл болып табылады;
е) Клиенттің қаржылық жағдайында осындай ақпаратты Банкіге берудің соңғы күнінен бастап қандай да бір елеулі өзгерістер болған жоқ;
ж) Клиент және/немесе оның өкілетті өкілдерінің Шартты жасауға және орындауға арналған барлық қажетті құқықтары мен өкілеттіктері бар;
з) Шартқа қол қою Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне, Клиент тарап болып табылатын кез келген шартқа және/немесе өкілетті органдардың кез келген шешімдеріне/қарарларына қайшы келмейді және қайшы келмейтін болады;
и) Шарт және оған қатысты барлық басқа шарттар заңды, жарамды және Клиент орындау үшін толық көлемде міндетті болып табылады.

14-бап. Құқықтар мен міндеттердің берілуі

- 14.1 Клиент Банктің кез келген Шарт және/немесе осы Жалпы Шарттарға, бұл Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпке қайшы келмейтін мерзімге дейін кез келген үшінші тұлғаларға барлық және кез келген өз құқықтары мен міндеттіліктерін бөлігінде немесе толықтай қайта беру, беру немесе аудару құқығымен өзінің сөзсіз және тиісті келісімін растайды. Мұндай жағдайларда, Банктің құқықтар мен міндеттіліктерді қайта беруіне, беруіне немесе аударуына қатысты Банк пен Клиент арасындағы қандай да бір қосымша құжаттарды ресімдеу бұл Қолданыстағы заңнаманың тікелей талабы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, талап етілмейді.
- 14.2 Клиент Банктің осы Баптың 14.1-тармағында айқындалғандай өз құқықтары мен міндеттіліктерін қайта беруін, беруін немесе аударуын жүзеге асыру мақсаты үшін кез келген үшінші тұлғаларға кез келген Шарттың және/немесе осы Шарттардың болуымен және оларды іске асырумен байланысты барлық және кез келген ақпаратты беруге құқылы екендігін сөзсіз және тиісті келісімін растайды. Осы өкілеттік Банктің құпиялықты сақтауы тұрады осындай үшінші тұлғалармен барлық қажетті уағдаластығына қол жеткізуі кезінде жарамды болып табылады.
- 14.3 Тараптар Клиент Шарт және/немесе осы Жалпы Шарт бойынша қандай да бір үшінші тұлғаға бөлігінде немесе толықтай барлық немесе кез келген өз құқықтары мен міндеттіліктерін қайта беруіне, беруіне немесе аударуына Банктің нақты жазбаша келісімінсіз құқылы еместігіне келіседі және растайды.

15-бап. Шотты жабу

- 15.1 Банк пен Клиент Тараптармен келісілген мерзімнен кешіктірмей Шотты жабу өтінімімен (тиісті түрде уәкілетті тұлғалар қол қойған) басқа Тарапты ескертіп, банктік қызмет көрсету Шартын бұзу туралы мәлімдеуге құқылы.
- 15.2 Банк Клиент Заңнаманы бұзу, Банктегі бар Шотына байланысты өз міндеттіліктерін орындамау, Шот бойынша авторландырылған кері теңгерімді құру, Клиенттің банкротқа ұшырауы немесе жою жағдайында, Клиенттің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне орналасуы, Клиенттің қылмыстық ізіне түсу немесе қылмыстық жауапқа тартылуы, Клиентке қатысты шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар (FATF, OFAC, ООН және т.б.) салған кез келген санкциялар мен шектеулер бар болған жағдайда, егер де Банктің Клиент террорлық іс-әрекетке немесе жария ету (ақшаның ағылуы) бойынша іс-әрекетке қатысы барлығына күмәні бар болған (және де Банк өз күмәндерін негіздеуге немесе дәлелдеуге міндетті емес) және/немесе Клиент қылмыстық ізіне түсуіне алып келетін немесе алып келуі мүмкін қандай да бір өзге іс-әрекетті жүзеге асыратын, және/немесе Банктің пікірі бойынша Банк үшін кез келген жағымсыз салдары болуы мүмкін өзге де жағдайлардың туындаған жағдайында Клиентке алдын ала хабарлаусыз кез келген уақытта бір тараптан соттан тыс тәртіппен, Шотты жабуға, сонымен Шотты жүргізуді және қызмет көрсетуді тоқтата отырып, банктік қызмет көрсету Шартынан бас тартуға құқылы. Осы шарттар болған жағдайда Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттіліктері тез арада орындалуға жатады. Бұл ретте Банк Клиенттің төлем нұсқаулықтарын кешіктіру немесе орындалуын тоқтатумен келтірілген шығындар үшін ешқандай жауапкершілікті көтермейді. Банк Клиентке келесіде осы Жалпы шарттарда көрсетілген тәртіппен Клиентке осындай банктік қызмет көрсету Шартынан бас тарту және Шотты жабу туралы хабарлама жіберуге құқылы, бірақ міндетті емес.
- 15.3 Банктік қызмет көрсету Шартты тоқтатқаннан кейін, Клиент пен Банк Шарт бойынша туындаған, бірақ соңғыны тоқтату күніне дейін толығымен аяқталмаған қалған тапсырмалар мен міндеттемелердің барлығын толықтай орындау міндетті. Клиент Банктің Клиентке қатысты болуы мүмкін барлық кінәрат-талаптарын есепке алу құқығымен келіседі. Егер де қалған міндеттіліктер күшінің сипатымен Банктің жауапкершілігін (мысалы, банктік кепілдер, ашық аккредитив және т.б.) тоқтату мүмкіндігі жоқ болса, Клиент Банктің талабы бойынша Банк алдындағы оның міндеттемелерін орындау үшін тиісті қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.

15.4 Шоттағы қаражат қалдығы Клиентке, егер бұл Заңнамада рұқсат етілетін болса, қолма қол төленеді, Клиенттің жазбаша нұсқамасы бойынша Банктегі немесе өзге банктегі басқа шотына аударылады немесе Банк арнайы банктік емес шотта есептеледі немесе Заңнамаға қайшы келмейтін Клиенттің өзге нұсқаулығы орындалады. Банктің талап етуі бойынша Клиент Банктің осындай талап етуінің басталуы сәтінен бастап үш күн ішінде өзге банктегі басқа шотқа аудару аудару және/немесе Шоттағы қаражаттың қалдығын қолам қол ақшамен алу туралы жазбаша нұсқаманы Банкке беруге міндетті. Аталған міндеттемелерді орындамау жағдайында Клиент Банкке әрбір мерзімі өткен күн үшін қалдық сомасынан 0,5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Бұл жағдай Банктік қызмет көрсету шарты оны тоқтатуға қарамастан оны толық орындағанға дейін қолданылатын болады.

15.5 Кәмелетке толмаған Клиенттің Шотына иелік ету және оны жабу Заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

II-бөлім. Депозиттерді (Салымдарды) орналастыру

1-бап. Жалпы ережелер

1. Клиент Банкте Депозиттерді Тараптар арасында жасалған шарттар, осы Жалпы шарттар талаптарында және заңнама талаптарына сәйкес орналастырады.
2. Кез келген негіздемелер бойынша Депозит сомасының азаюы, оның ішінде, Клиенттің жинақтау шотынан ақшаны алып қоюы, үшінші тұлғалардың, сондай-ақ Банктің талаптарды қоюы жағдайында (осы Жалпы Шарттардың IX-бабының 3-тармағы) Банк талап етуге дейін депозиттер үшін оның атынан шотты ашуға және Депозиттің қалған сомасын осы шотқа аударуға құқығы бар және Клиенттің өкілеттігі бар. Бұл жағдайда сыйақы Банк Тарифтеріне сәйкес талап етуге дейін депозиттердің ставкасы бойынша есептелетін болады.
3. Салымдарды орналастыру үшін Клиент және Банк тиісті шартты жасайды немесе Клиент Клиенттің атынан банктік шоттарды ашуға өкілетті тұлға қол қоятын және Клиенттің мөрімен куәландырылатын Банктің нысаны бойынша салымды орналастыруға арналған өтінішті Multicash электрондық банктік жүйесі арқылы (Multicash-ты пайдалануға арналған келісімдерге Тараптардың қол қоюы талабы кезінде) немесе факс бойынша («Fax indemnity» қорғау іс-әрекеттерінің тәртібін клиенттің қол қоюы талабымен) Банкке қолма қол жібереді. Банк Өтініштерді қабылдайтын факстардың нөмірлері Клиент қол қойған Қорғау іс-әрекеттерінің тәртібінде көзделген. Клиент аталған факстарға Клиенттің тиісті өкілетті қызметкерлерінің ғанақолжетімділігіне кепілдік береді. Банк бір тәулік ішінде Өтінішті қарастыруға құқылы және келіскен жағдайда Банк Банктің өкілетті тұлғасы оған қол қою және мөрімен куәландыру жолымен осы Өтінішті акцептейді, Клиентке Жинақ шотын ашады. Осы Жалпы Шарттар және Банк акцептеген Өтініш жиынтығында жеке және дербес Банктік салым шарты болып табылады.
4. Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың салым мерзімінің аяқталуына дейін жинақтау шотынан ақшаны ішінара немесе толық алып қоюы жағдайында Банк сыйақыны есептемейді және төлемейді және Клиенттің Банктегі ағымдағы шотына салым сомасының қалдығын (ондай болатын болса) қайтарады.
5. Банктің 16.00 дейін (i) Салым сомасын алуы кезінде сыйақы (мүдде) осындай алу күнінен бастап есептеледі; 16.00 кейін (ii) сыйақы (мүдде) осындай алу күнінен кейінгі бірінші жұмыс күнінен бастап есептеледі.
6. Клиент Салым сомасына Клиенттің ағымдағы шоттарын дебеттеу жолымен Клиенттің жинақтау шотына Банктегі Клиенттің ағымдағы шоттарынан салым сомасын дербес көшіруге Банкке құқық береді.
7. Егер, сыйақы/Салым төленуі/қайтарылуы тиіс күн жұмыс емес күніне келетін болса, онда сыйақы/Салым келесі жұмыс күнінде төленеді/қайтарылады.
8. Жинақ шоты немесе тыйым салу бойынша операцияларды тоқтатата тұру кезінде өкілетті мемлекеттік органдар жинақ шоты, ақшаға тыйым салу, жөніндегі операцияларды тоқтата тұру кезеңі үшін жинақ шотындағы ақшаға салым бойынша Банктің сыйақысы (оның қарауы бойынша) есептелмейді және төленбейді.
9. Салым сомасын қайтарып алу және/немесе басқа банктегі шотқа есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу жөніндегі Клиенттің нұсқаулығы клиенттік төлемдер ретінде Банктің Тарифтеріне сәйкес орындалады.
10. Егер, Салымды және ол бойынша есептелген сыйақыны (мүддені) төлеуді уақтылы емес қайтару жағдайында Банк шетелдік валютада міндеттеме үшін LIBOR ставкасына сәйкес келетін теңгедегі міндеттемелер үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып, Клиенттен тұрақсыздық айыбын төлейді. Аталған тұрақсыздық айыбын Банк оның кінәсі болған кезде ғана төлейді және айрықша болып табылады, яғни, шығындарды ғана емес, тұрақсыздық айыбын ғана өндіріп алуға жол беріледі.

III бөлім. Карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шот

1-бап. Жалпы ережелер

- 1.1 Карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шот Шоттың, бірақ осы Жалпы Шарттардың осы III бөлімде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, бір түрі болып табылады.
- 1.2 Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттарды ашу, жабу және жүргізу бойынша қатынастарға, Карточкаларды шығаруға және қызмет көрсетуге қатысты оған қайшы емес бөлігінде Қолданыстағы заңнамадан басқа халықаралық төлемдер жүйесінің ережесі, халықаралық банк тәжірибесі, іскерлік айналым дәстүрлері, Банк саясаты, стандарттары мен рәсімдері қолданылады.
- 1.3 Халықаралық төлемдер жүйесі ережелері мен осы Жалпы Шарттар және/немесе Дебит карточкасы шарты/ Несие шарты арасында қайшылық туындаған жағдайда халықаралық төлемдер жүйесінің тиісті ережесі қолданылады.
- 1.4 Жеке тұлғалар үшін осы Жалпы Шарттар, Дебит карточкасы шарты/ Несиелік желісі шарты реттемейтін бөлікте тиісті халықаралық төлем жүйелері ережесі қолданылады.
- 1.5 Клиент оған еңбекақы аудару туралы шарт шеңберінде Банкке Клиенттің Жұмыс берушісінің сенімгер тұлғасына ПИН-кодпен және дебет карточкасымен бірге Карточканы, сондай-ақ Клиентке еңбекақы аудару үшін қажетті өзге де құжаттарды (дебет карточкасы шарты, дебет карточкасы, ПИН-кодтар т.б.) береді және Клиенттің Жұмыс берушісінің сенімгер тұлғасына кез келген байланыс арнасы бойынша Шоттар және/немесе Карточканың нөмірлеріне қатысты ақпарат ұсынады. Бұл ретте осы тармақтың мақсаттары үшін Клиенттің Жұмыс берушісінің сенімгер тұлғасы Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Клиенттің Жұмыс берушісі берген және рәсімдеген сенімхатты Банкке ұсынуға тиіс. Клиент өз Жұмыс берушісінің сенімгер тұлғасының Банктен алған ақпаратын кез келген заңсыз пайдалануының барлық тәуекелі мен жауапкершілігін өзіне алады.

2-бап. Карточкалық операциялар үшін Ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар

- 2.1 Қолданыстағы заңнаманың, Банктің ішкі саясатының, стандарттары мен рәсімдерінің талаптарына сәйкес карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шот бойынша мыналармен байланысты операциялар жүзеге асырылады:
 - а) Клиент Ақшасын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету;
 - б) Ақшаны Клиенттің пайдасына қабылдау (есепке алу);
 - в) клиенттің қолданыстағы заңнамада/ осы Жалпы Шарттарда/ Дебит карточкасы шартында/ Несие карточкасы шартында/ Несие желісі шартында көзделген тәртіпте Карточканы пайдаланумен байланысты үшінші тұлғалардың пайдасына төлемді жүзеге асыруы;
 - г) үшінші тұлғалардың қолданыстағы заңнамада/ осы Жалпы Шарттарда/ Дебит карточкасы шартында/ Несие карточкасы шартында/ Несие желісі шартында көзделген негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алып қою туралы өкімді орындауы;
 - д) Қолданыстағы заңнамада/ осы Жалпы Шарттарда/ Дебит карточкасы шартында/ Несие карточкасы шартында/ Несие желісі шартында белгіленген тәртіпте Клиенттен қолма-қол ақшаны қабылдауды жүзеге асыруы;
 - е) Карточканы пайдалана отырып, қолма-қол ақша беру;
 - ж) осы Жалпы Шартта, Дебет карточкасы шартында айқындалған мөлшерде және тәртіпте сыйақы төлеу;
 - з) Шартта, қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі саясатында, стандарттары мен рәсімдерінде, іскерлік айналым дәстүрлерінде, халықаралық банк тәжірибесінде көзделген басқа да операциялар.
- 2.2 Карточкалар операциялар бойынша лимиттерді белгілеуді және өзгертуді Банк өзінің ішкі саясатына, стандарттарына және рәсімдеріне сәйкес дербес жүргізеді. Бұл ретте Карточкалық операциялар бойынша лимиттер өзгерген жағдайда Банк Клиентке жаңа лимиттер қолданысқа енгізілген күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде хабарлайды. Клиент Карточкалық операциялар бойынша лимиттердің өзгеруімен келіспеген жағдайда Банк тиісті Шарт бойынша Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шотына қызмет көрсету жөніндегі міндеттерден босатылған болып саналады және Берешекті дереу жабуды талап етуге құқылы.

3-бап. Төмендемейтін ең аз теңгерім

- 3.1 Банк төмендемейтін ең аз теңгерімді құрайтын Ақша сомасын Шотқа салынуын талап етуге құқылы, ал Клиент онда орналастыруға міндетті. Төмендемейтін ең аз теңгерімді Банк Банктік қызмет көрсету шарты мен Жалпы Шарттар бойынша, оның ішінде карточка Ұстаушының Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы теңгерімнен асып кететін Карточкалық операцияларды жүргізу нәтижесінде пайда болуы мүмкін Овердрафтты жабу үшін Клиент міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалануы мүмкін.
- 3.2 Төмендемейтін ең аз теңгерім мөлшері Тарифтермен белгіленеді.
- 3.3 Банк карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотта Ақша болмаған жағдайда (карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы төмендемейтін ең аз теңгерімді

ұстау қажеттігі туралы шарт болған кезде) кез келген уақытта Клиенттің қосымша келісімінсіз төмендемейтін ең аз теңгерім сомасын Банк алдындағы Берешекті жабуға жіберуге құқылы.

- 3.4 Клиент төмендемейтін ең аз теңгерім азайған жағдайда оның сомасын дереу қалпына келтіруге міндетті. Осы арқылы Клиент Банкке Клиенттің қосымша келісімінсіз карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотқа түскен Ақша есебінен төмендемейтін ең аз теңгерімді қалпына келтіру өкілеттігін береді.
- 3.5 Клиентке төмендемейтін ең аз теңгерім сомасын қайтаруды Банк Шотты жабу туралы Өтініш берілген күннен бастап, бірақ кез келген жағдайда дебет карточкасы Шартының қолданысы тоқтатылғаннан және Тараптар арасындағы түпкілікті өзара есептесулер жүргізілгеннен ерте емес мерзімде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді.

4-бап. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаны оқшаулау. Овердрафт

- 4.1 Тиісті есептерді жүзеге асыру үшін карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаның жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында Клиент Банкке оқшауланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Авторизация сомасына арналған Ақшаны оқшаулау өкілеттігін ұсынады.
- 4.2 Осы арқылы Клиент Банкке карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты Карточкалық операциялар сомасына дебеттеуге өкілеттік береді.
- 4.3 Карточканы ұстаушы Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоттағы теңгерімі шеңберінде немесе Несие сомасы шеңберінде ғана Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға құқылы.
- 4.4 Овердрафтқа жол берілмейді. Овердрафт пайдаланған жағдайда Банк карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты және Карточканы/ Қосымша карточканы оқшаулайды. Клиент Банкке Овердрафт болған уақытында Ақшаны пайдаланғаны үшін Тарифтермен белгіленген шеңберде сыйақы төлейді.
- 4.5 Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты оқшаулауды (карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шот бойынша операцияларды бұзу немесе тоқтата тұру) Банк Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайда және тәртіпте, сондай-ақ Клиент карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шот бойынша транзакцияны жүзеге асыруға қатысты сұратылған ақпаратты бермеген / беруден бас тартқан жағдайда Клиенттік қосымша келісімінсіз жүргізеді. Ақпараттың және ол талап етілуі мүмкін/ тиіс тізбе Қолданыстағы заңнамамен, Банктің/ Банктік бас компаниясының ішкі саясатымен және рәсімдерімен белгіленеді.
- 4.6 Ақцепсіз тәртіппен Ағымдағы шоттан мыналар есептен шығарылады:
 - а) Банк қызметінің құны (карточкалық операцияларды жүзеге асырғаны үшін Банктің кейіннен бұзылған (жойылған) қызметтер құнын қоса алғанда), сондай-ақ Банктің Тарифтерде көзделген комиссиялық сыйақысы);
 - б) кезекті қызмет көрсету жылы ішіндегі, оның ішінде Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес Карточканың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін оны жоюға өтініш бермеген жағдайда Карточкаға жылдық қызмет көрсету құны;
 - в) және/немесе Клиенттің Банктен немесе кез келген өзге банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашқан кез келген банк шотынан мерзімі өткен берешек сомасын және/немесе осы Шарт және/немесе Несие шарты бойынша толық көлемдегі (банк шотындағы ақша жеткілікті болған кезде) не банк шотында бар ақшаның көлеміндегі (олар жеткілікті) өзге соманы. Клиенттің Берешек валютадан ерекше валютамен жүргізілетін банк шотынан ақша есептен шығарылған жағдайда Берешек сомасын Банк Банктің айырбас үшін комиссиясын ескере отырып, Банктің қайта есептеу күніне белгіленген бағамы бойынша қайта есептейді;
 - г) Банк шотына қате аударылған ақша;
 - д) мұндай төлем құжаттарының жасанды екенін растайтын құжаттар болған жағдайда жасанды төлем құжаттары негізінде шотқа аударылған ақша.
- 4.7 Клиент, сондай-ақ осы арқылы Банкке Клиенттің осы Шарттарды орындамағаны/ тиісінше орындамағаны, Ақшаның қате түскені (Банктің түзетпе өткізулерін жүзеге асыру үшін), сондай-ақ осы Шарт негізінде жасалған кез келген шарттар жағдайында карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаны оқшаулауды жүзеге асыруға өкілеттік береді.

5-бап. Карточканы пайдалану ережесі

5.1 Карточканы беру және сақтау ережесі

- 5.1.1 Банк дайындалған Карточканы тікелей Карточканы ұстаушыға немесе Карточканы ұстаушының сенімді тұлғасына береді. Карточканы алған кезде Карточканы ұстаушы Карточканың кері жағындағы осыған арнайы көзделген жолда қол қоюға міндетті.
- 5.1.2 Клиенттің қалауына қарай карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шот бойынша қосымша карточканы шығаруға арналған Өтініште Клиент көрсеткен кез келген адамның атына (мұнда адам осы Шарттарда көзделген барлық құжаттарды ұсынған жағдайда және көрсетілген адамға қосымша карточка шығару Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі саясатына, стандарттары мен рәсімдеріне қайшы болмаған жағдайда) рәсімделген Қосымша Карточка шығарылуы мүмкін.
- 5.1.3 Карточканы үшінші тұлғаға пайдалануға немесе кепілзат ретінде беруге тыйым салынады.

- Өкілетті емес адам көрсеткен карточка алынуы тиіс.
- 5.1.4 Карточканың кері жағында онда кодталған ақпараты бар магниттік жолақ орналасқан. Карточканы ұстаушы Карточкаға магниттік жолақтағы жазбаны бүлдіруі және осының салдарынан Карточканы қолдана отырып, Карточкалық операцияларды жүргізудің мүмкін болмаушылығына әкелетін кез келген қолайсыз факторлардың әсерін болдырмауы тиіс. Мұндай қолайсыз факторлардың мысалы электрлік магниттік өріс (магниттелген немесе құрамында магнит бар заттарға жақын болуы), механикалық зақымдану (сызылу, ластану, қызу, күн сәулесінің тікелей түсуі) т.б. болуы мүмкін.
- 5.1.5 Карточканы ұстаушы Карточканы заңсыз кіруі/ оны үшінші тұлғаның пайдалануы мүмкіндігін болдырмайтын орындарда және тәсілмен тиісті сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.
- 5.1.6 Карточканы ұстаушы Карточканы ұстаумен байланысты, оның ішінде Карточкаға және/немесе Үзіндідегі ақпаратқа және/немесе Карточканың ұстаушысына арналған өзге де ақпаратқа/хат-хабарға заңсыз кірумен/үшінші тұлғалардың пайдалануымен байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайды.

5.2 ПИН-код

- 5.2.1 Карточканы ұстаушыға карточкамен бірге қосымшасы бар желімделген арнайы конверт беріледі, онда ПИН-код басылған. Конвертті алған бойда конвертті ашып, ПИН-кодты есте сақтау және қосымша мен конвертті жою ұсынылады.
- 5.2.2 ПИН-кодті Банк қызметкері білмейді және Карточканы ұстаушы оны Карточканы пайдаланатын барлық уақыт бойы құпия сақтауы тиіс.
- 5.2.3 ПИН-код-тың құпиялығын қамтамасыз ету үшін төменде көрсетілген ережелерді сақтау ұсынылады:
- а) егер ПИН-кодты Карточка ұстаушысы қандай да бір жерге жазып қойса, Карточка мен жазбаны бөлеу сақтау қажет;
- б) электрондық құрылымның клавиатурасында (Банкоматты қоса алғанда) терілетін ПИН-код санының комбинациясын қандай да біреудің көруіне мүмкіндік бермеу керек.
- 5.2.4 ПИН-код санын теру кезінде электрондық құрылғы (Банкоматты қоса алғанда) дисплейінде олар шартты белгілер түрінде көрінеді. ПИН-код теру кезінде қателеспеудің маңызы зор. Егер үш рет қатарынан (кез келген уақыт аралығында, Банкоматты қоса алғанда, бір немесе әртүрлі электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде) дұрыс емес ПИН-код терілсе, онда төртінші рет тағы да қателескен жағдайда Банк Карточканы оқшаулайды. ПИН-код келесі Жұмыс күні жаңартылады. Клиент, оның Карточкасы Банкоматта ұсталып қалуы немесе оны Кәсіпкер немесе қолма-қол ақшаны беру пунктінде дұрыс емес ПИН-код теру себебін анықтағанға дейін алынып қоюы мүмкін екенін түсінеді және онымен келіседі.
- 5.2.5 Электрондық құрылғыларды (Банкоматты қоса алғанда) пайдалана отырып және ПИН-код терімін растайтын барлық операцияларды Тараптар Карточканы ұстаушы жасаған ретінде қаралады.
- 5.2.6 Егер, ПИН-кодты Карточканы ұстаушы ұмытып қалса, ол ПИН-кодты өзгерту және жаңасын алу үшін Банкке жүгіне алады.

5.3 Карточканы пайдалану

- 5.3.1 Төменде келтірілген барлық ережелер осы жалпы Шарттарда Карточканы ұстаушыға ыңғайлы болу үшін және оларға Карточканы пайдаланумен байланысты операцияларды жүзеге асыру тәртібі туралы қосымша ақпарат ұсыну мақсатында енгізілген.
- 5.3.2 Банк Карточкаларға қызмет көрсетуді оларға тікелей бақылау жасайтын үздіксіз жұмыс істеу жүйелері мен электрондық құрылғылар (Банкоматты қоса алғанда) арқылы қамтамасыз етеді.
- 5.3.3 Банк Кәсіпкердің кассирлерінің Карточкалық операцияларды жүзеге асырмаған немесе жүзеге асыру кезінде қателік жіберген іс-қимылдары, атап айтқанда, егер кассир Карточканы ұстаушыны тексеруді және оның төлем құжаттарындағы қолын Карточкадағы және/немесе жеке басын куәландыратын құжаттағы қолымен салыстыруды жүзеге асырмағаны үшін жауапты болмайды.
- 5.3.4 Карточкалық операцияларды жүргізу үшін Карточка ұстаушы Карточканы Кәсіпкердің немесе қолма-қол ақшаны беру пунктінің кассиріне ұсынады не өзіне өзі қызмет көрсету режимінде Банкоматтың көмегімен іс-қимылдар жасайды не Карточканың деректемелерін пайдалана отырып, өзге де тәсілдермен Карточкалық операцияларды жүзеге асырады.
- 5.3.5 Кассир Карточка ұстаушысынан оның жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Құжат болмаған кезде кассир Карточканы ұстаушының операциясын жүргізуден бас тартуға құқылы.
- 5.3.6 Кассир Карточканы алғаннан кейін Карточкалық операцияны Авторизациялау үшін Банкке сұрау жібереді: автоматтандырылған режимде кассир Авторизацияны электрондық терминал көмегімен жүзеге асырады. Кассир Карточканы терминалдың ақпаратты оқу құрылғысына салады, пернетақтада операция сомасын тереді. Кассир Карточканы ұстаушыға арнайы пернетақтада ПИН-код теру жолымен операцияны растауды ұсынады. Сұрау Банкке шұғыл байланыс арнасы арқылы түседі. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотта Ақша жеткілікті болып, ПИН-код дұрыс терілген кезде (егер, ПИН-кодты теруді Карточканы ұстаушы жүзеге асырған жағдайда) операцияның жасалғанын растайтын екі данадағы чек басылады. Кассир Карточканы ұстаушыға чектің бір данасын табыс етеді. Карточканы ұстаушы чекте көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді. Қабылданған технологияға қарай чек Карточканың ұстаушысы мен кассирдің қолдары арқылы куәландырылуы мүмкін.
- 5.3.7 ПИН-кодтың дұрыс терілуі және/немесе Карточканы ұстаушы атынан Слиптегі және чектегі қойылған қол Карточка ұстаушысының карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттан Ақша алуға тапсырмасы болып табылады.
- 5.3.8 Кассир осы Шартта көзделген жағдаяттарды анықтағанға дейін Карточканы алып қоюға құқылы.
- 5.3.9 Карточканы ұстаушы Карточкалық операциялар бойынша барлық құжаттарды 3 (үш) жыл бойы сақтауға және оларды мыналарға:
- а) даулы мәселелерді реттеу үшін оның талабы бойынша Банкке;
- б) Ақшаны алудың және оларды жұмсаудың заңды негіздемесі ретінде салық органдары мен кеден қызметіне, сондай-ақ өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға;

- в) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да жағдайларда ұсынуға міндетті.
- 5.3.10 Осы арқылы Банк және Клиент Карточка ұстаушысы жүргізген Карточка операциялары бойынша шоттарды төлеу Банктің Клиенттің карточкалық операцияларды жүргізуге арналған Ағымдағы шотынан осы Шарттар негізінде және Клиенттің қанда да бір қосымша келісімінсіз қажетті соманы акцепсіз алып қою жолымен жүргізілетіне келіседі.
- 5.3.11 Егер, Клиент Банкте Банк пен Клиенттің жұмыс берушісі/ Клиентке қатысты қызметтердің тапсырыс берушісі болып табылатын тұлға арасында жасалған Клиенттің еңбекақысын және/немесе өзге де табыстарын аударуға арналған шарттың болуымен байланысты қызмет көрсетілген жағдайда, Клиент осы арқылы Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз, егер Клиенттің жұмыс берушісі/ Клиентке қатысты қызметтердің тапсырыс берушісі болып табылатын тұлға соңғы аудару болған күннен бастап 6 (алты) жалғаспалы ай ішінде карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотқа Клиенттің еңбекақысын және/немесе өзге де табыстарды аудармаса, Клиенттің карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотына қызмет көрсетумен байланысты Клиентке көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы алатынынан өзінің хабардар екенін растайды және келіседі.
- 5.3.12 Карточканы ұстаушы өзінің Карточкасының сақталуын, сондай-ақ оның деректемелерінің (Карточканы ұстаушының аты-жөні, нөмірі, Карточканың қолдану мерзімі, CVV2/CVC2-коды) құпиялығын қамтамасыз етуге толық көлемде жауапты болады.
- 5.3.13 Карточканы ұстаушы Карточка іске қосу жүзеге асырылуымен Банктің тауарды жеткізетін/ жұмысты орындайтын және/немесе қызметтерді көрсететін тұлғаға оны нақты көрсетпей-ақ Карточка арқылы «Интернет» электрондық желісінде Операциялар жүргізуге енуді автоматты түрде ұсынатыны туралы келіседі.

5.4 Қолма-қол ақша алу үшін Карточканы пайдалану

- 5.4.1 Карточканы ұстаушының Карточка бойынша қолма-қол ақша алуы тиісті төлем жүйесіне мүше банктердің қолма-қол ақша беру пункттерінде немесе Банкомат көмегімен жүргізіледі.
- 5.4.2 Әдетте, қолма-қол Ақша Карточка бойынша болу елінің валютасымен беріледі. Кейбір елдерде Карточка бойынша қолма-қол ақшаны беру жиілігі мен барынша жоғары сома тиісті болуы елінің заңнамасымен шектелуі мүмкін.
- 5.4.3 Әртүрлі төлем жүйелерінің ережелері әртүрлі болатындығына байланысты Банктің қолма-қол ақша беру пункттерінде қандай да бір қосымша сыйақы алуына (Тарифтерге қатысы жоқ) жауапты болмайды.
- 5.4.4 Тиісті төлем жүйелеріне мүше банктерден қолма-қол ақшаны беру пункттерінде қолма-қол ақшаны алу Авторизацияның дауысты немесе автоматтандырылған режимінде жүргізіледі.
- 5.4.5 Банкомат көмегімен қолма-қол ақшаны алуды Карточканы алушы өзіне өзі қызмет көрсету режимінде жүргізеді.
- 5.4.6 Карточкалық операциялар аяқталып, банкнотты Банкоматтан алғаннан кейін чек беріледі (егер Карточканы ұстаушы чекті басу опциясын таңдаған жағдайда). Чектегі ақпараттың құпиялығына орай басылған чекті өзімен бірге алып кету және оны ешқашан Банкоматтың маңына қалдырып кетпеу ұсынылады.
- 5.4.7 ПИН-код дұрыс терілмеген кезде Банкоматтың дисплейінде тиісті хабарлама көрінеді және Карточкалық операцияларды жүргізуден бас тартылатын болады.
- 5.4.8 ПИН-код дұрыс терілген кезде жарамды Карточкалардың операциялары мынадай себептер арқылы жүргізілмеуі мүмкін:
- а) сұралатын сома Банкомат кассеттерінде бар банкноттармен берілмеуі мүмкін. Осы Банкоматқа арналған нұсқаулықта көрсетілген банкноттың еселенген ең аз номиналындағы сомасын сұрау қажет;
- б) сұралатын сома Банкоматтың қолма-қол ақшаны беру құрылғысының ауқымы айқындайтын, бір реттік беру лимитінен асып кетеді. Сұралатын соманы бөліктерге бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау керек;
- в) сұралатын сома карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы сомадағы Ақша қалдығынан асып кетеді. Бұл жағдайда карточкалық операцияларға арналған ағымдағы шоттағы Ақша қалдығы туралы ақпаратты басу функциясын пайдалана отырып, мөлшерін айқындауға болатын аз сома сұрау ұсынылады;
- г) сұралатын сома Карточканы ұстаушы/ Банк белгілеген Банкомат арқылы қолма-қол ақшаны алудың күндізгі лимитінен асып кетеді.
- 5.4.9 Банкоматпен жұмыс кезінде, егер қайтарылатын Карточканы және/немесе берілетін банкноттарды 20 (жиырма) секунд ішінде Карточканы ұстаушы беру құрылғысынан алмаса, қорғау жүйесі іске қосылып, Клиенттің ақшасын сақтау мақсатында Карточка және/немесе банкнот Банкоматтың ішіне қайта тартылып, арнайы қуыста ұстап қалынатынын есте сақтау керек. Мұндай жағдайда Карточка ұстаушысына Карточканы қайтаруды осы Банкоматқа қызмет көрсететін Банк тек Карточканы ұстау себебі айқындалғаннан және Банкпен консультация жүргізілгеннен кейін ғана жүргізіледі, ал Авторизация фактісі бойынша карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоттан алынған (немесе бұл соманың алынбаған бөлігі) Карточкалық операцияның қалпына келтірілген сомасы тек Банкоматты қайта инкассациялау және Карточканы ұстаушының алынбаған қолма-қол ақша сомасы нақтыланғаннан кейін ғана жүргізілмеуі мүмкін. Карточканы ұстаушы осы Банкоматқа қызмет көрсететін банкпен келіссөздерде жәрдем көрсету үшін Банкке жүгінуге құқылы.
- 5.4.10 Карточканың немесе қолма-қол ақшаның Банкоматта ұсталу себебін Банк Карточка ұстаушысы Банкке жүгінген күннен кейін 5 (бес) Жұмыс күннен кешіктірмей ауызша (телефон бойынша) немесе оның ішінде Банктің талабы бойынша жазбаша анықтайды.

5.5 Карточканы Кәсіпкердің тауарлары, жұмыстары мен қызметтері төлемі үшін пайдалану

- 5.5.1 Төлем жүйелерінің ережесі бойынша Кәсіпкер Карточканы төлемге қабылдау кезінде тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің құнын қолма-қол есептесумен салыстырғанда өсіруге құқығы жоқ. Карточканы ұстаушы Банкке тауарлар, жұмыстар немесе қызметтердің құны өсуінің барлық жағдайлары туралы хабарлауға міндетті.

- 5.5.2 Операция Авторизацияның дауыстық немесе автоматтандырылған режимінде жүргізілуі мүмкін. Операцияны жүргізу рәсімі осы Жалпы Шарттарда сипатталған.
- 5.5.3 Карточканы ұстаушы Қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып, Карточка бойынша төленген сатып алған заттарды қайтаруға немесе Карточка бойынша алдын ала төленген қызметтерден бас тартуға құқылы. Бұл үшін Карточка ұстаушысының талабы бойынша және Кәсіпкердің келісімімен кассир «сатып алынған заттарды қайтару» операциясын жүзеге асырады. Сатып алынған заттарды қайтару Кәсіпкер авторизация Кодын алғанға дейін немесе одан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.
- 5.5.4 Бірінші жағдайда операция оны рәсімдеуді тоқтату жолымен тікелей Кәсіпкердің өзінде бұзылады. Карточканы ұстаушыға, егер тіптен Слипке әлі олар қол қоймағанның өзінде Карточка бедерін ала отырып, Слиптің жойылуын бақылау ұсынылады.
- 5.5.5 Екінші жағдайда Карточка ұстаушы қайтару операциясының жүргізілуін талап етуі қажет, өйткені авторизация Коды алынғаннан кейін операция сомасы карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттан есептен шығарылады. Қайтару операциясын жүргізу үшін кассир Карточканы ұстаушы мен кассирдің қолдарымен куәландырылатын арнайы қайтару (несиелік) Слипін («Reversal Slip») рәсімдейді немесе арнайы чекті басып бере отырып, электрондық терминалдың («Reversal») арнайы функциясын іске қосады. Бұл ретте операция сомасы Банк тиісті төлем жүйесінен қайтару операциясы жүргізілгені туралы деректер алғаннан кейін келесі Жұмыс күні карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотта қалпына келтірілетін болады. Бұл жағдаятты Карточка бойынша қол жетімді соманы есептеу кезінде ескеру қажет.

5.6 Карточканы оқшаулау

- 5.6.1 Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда Карточканы ұстаушы Карточканы оқшаулау туралы ауызша немесе жазбаша талаппен (бұдан әрі мәтін бойынша «Талап») дереу Банкке жүгінуге қажет. Карточканы ұстаушы, сондай-ақ Банкке Карточканы ұстаушының қалауы бойынша өзге де негіздермен Карточканы оқшаулау туралы ауызша немесе жазбаша талабымен жүгінуге құқылы.
- 5.6.2 Талапта Карточка ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты, мүмкіндігіне қарай мынадай қосымша ақпарат: туған күні, Карточканың нөмірі мен қолдану мерзімі, сондай-ақ оқшаулау себебі көрсетіледі. Мүмкіндігінше байланысу деректері – мекенжайын, телефон нөмірін, электрондық почта мекенжайын көрсету керек.
- 5.6.3 Осы арқылы Карточканы ұстаушы, Карточка тиісті түрде тіркелген Талап болмаған кезде Карточка Карточканы ұстаушының иелегінде және пайдалануында, ал Банктің Талапты тіркегенге дейін Карточканы пайдалана отырып, жасалатын Карточкалық операцияларға Карточканы ұстаушы тиісті түрде рұқсат еткен деп саналатынына сөзсіз келіседі.
- 5.6.4 Ауызша Талап Банктің қалауы бойынша жазбаша Талап жасалған күннен бастап екі Жұмыс күні ішінде Карточканы ұстаушының Банкке берілетін жазбаша өтінішімен расталуы мүмкін. Жазбаша Талапты жоғарыда көрсетілген мерзімде ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Карточканы ұстаушы жазбаша Талапты ұсынуының мүмкін еместігі себебін және алғашқы мүмкіндік кезінде Банкке Талапты растайтын жазбаша өтініш ұсынатынын көрсете отырып, бұл туралы Банкке алдын ала хабарлайды.
- 5.6.5 Тараптар осы арқылы, Банк Карточка ұстаушысының Банкке телефон арқылы жүгінгенін, оның ішінде қандай да бір даулы жағдайларды болдырмау мақсатында тіркеп және жазып алып отыруға құқылы. Бұл ретте, Карточканы ұстаушы телефон арқылы жүгінуді Банктің жазуы осы жалпы Шарттарға сәйкес мұндай Талапты жазбаша нысанда растау сәтіне дейін Карточканы ұстаушыдан түскен ауызша Талап ретінде жеткілікті дәлел болатынына да келіседі.
- 5.6.6 Талап Банктің филиалына немесе тиісті төлем жүйесінің кез келген мүшесіне жіберілген жағдайда Карточканы оқшаулау Банктің осы филиалы немесе тиісті төлем жүйесінің мүшесі Карточканы ұстаушы атынан берген Талапты Банкті тіркегеннен кейін күшіне енеді.
- 5.6.7 Карточканы ұстаушының өз еркі Талаптың оның ықтимал сәйкес еместігі, сондай-ақ кейіннен Банктің Карточканы оқшаулауы үшін тәуекел етіп, жауапты болатын Карточканы ұстаушыдан болған деп саналады. Банк осы жалпы шарттарда жазылған талаптарға сәйкес телефон/телекс/факс бойынша берілген Карточка ұстаушы атынан болған Талап негізінде жасалған Карточканы оқшаулау үшін жауапты болмайды.
- 5.6.8 Карточка оқшауланғаннан кейін Карточканы ұстаушының жазбаша өтініші негізінде Банк жаңа нөмірі мен ПИН-коды бар жаңа Карточка шығарады.
- 5.6.9 Банк Карточканы сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда, сондай-ақ ПИН-кодтың құпиялығы сақталмаған (оның ішінде Карточканы оқшаулағаннан кейін) жағдайда, сондай-ақ Карточканы ұстаушыға қасақана заңға қарсы іс-қимыл анықталған жағдайда Карточка ұстаушыға талап-арыз қою құқығын сақтайды.
- 5.6.10 Бұрын жоғалды деп мәлімделген Карточка табылған жағдайда Карточканы ұстаушы бұл туралы Банкке дереу хабарлап, Карточканы Банкке қайтаруға міндетті. Табылған карточканы осы тармақта белгіленгендей қайтармаған жағдайда Карточканы ұстаушы Банкке мұндай карточканы қайтармаудан туындайтын барлық тәуекелдерді қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болуы мүмкін кез келген қосымша шығындарын өтеуге міндеттеме алады.
- 5.6.11 Егер Банкте Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоты бойынша заңсыз алаяқтық операциялар жүргізу тәуекелі бар деп санауға негізі болса, онда Банк карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотын алдын ала хабарламасыз оқшаулауға құқылы.
- 5.6.12 Клиенттің Жұмыс берушісінен жұмыстан босатылған/ босатылатын Карточка ұстаушылары көрсетілген жазбаша хабарлама алған кезде Банк Клиенттің карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы дебет шотын Банк пен Клиенттің өзара қатынастары туралы Клиенттің шешімін алғанға – Клиенттің карточкаларын операцияларына арналған Ағымдағы дебет шотын Стандартты Тарифке ауыстырғанға не карточкалық шотына арналған осы Ағымдағы шотын жапқанға дейін оқшаулайды.
- 5.6.13 Сондай-ақ банк мынадай жағдайларда:
а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Банк шотында

орналастырылған ақшаға тыйым салынған кезде;
б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Банк шотының шығыс операциялары тоқтатыла тұрған кезде;
в) Клиенттің Карточканың жоғалғаны, ұрланғаны және/немесе заңсыз пайдаланылғаны туралы хабарлама алған кезде. Бұл ретте Карточканы оқшаулауды Банк Банкке тәуелсіз жағдаяттар туындаған жағдайлардан басқа (электр энергиясының болмауы, Карточкалық жүйенің ақаулығы т.б.), бұл хабарлама алынған сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде жүзеге асырады. Бұл жағдайларда Карточканы оқшаулау бұл жағдаяттарды жою аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады;
г) Клиенттің осы Шарт талаптарын орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған кезде карточканы оқшаулауды жүзеге асыруға құқылы.

5.7 Карточканы алып қалу

- 5.7.1 Кәсіпкердің немесе қолма-қол ақша беру пункттерінде Карточканы алып қалу, мынадай жағдайларда егер:
а) Карточка оқшауланған болса;
б) Карточканы ұсынушы Карточканы Ұстаушы болып табылмаса;
в) Карточканы ұстаушы операция жүргізгеннен кейін ұмыт қалдырған кезде жүргізіледі.
- 5.7.2 Карточканы алып қоюды Банкомат, Кәсіпкер кассирі немесе қолма-қол ақшаны беру пункті, Банк қызметкері жүргізеді. Карточканы алып қою кезінде (оны Банкомат ұстап қалған жағдайларды қоспағанда) тиісті акті жасақталады.
- 5.7.3 Карточканы алып қою себебін Банк Карточка ұстаушысы Банкке немесе Карточканы алып қойған тиісті төлем жүйесіне мүше банкке жүгінген күннен кейінгі Жұмыс күнінен кешіктірмей анықтайды.
- 5.7.4 Алып қойылған Карточканы Банк Карточканы алып қойған тиісті төлем жүйесіне мүше жергілікті банк немесе Банк (алып қойылған Карточка Банкке жеткізілген жағдайда) мұндай қайтару туралы шешім қабылдағаннан кейін Карточканы ұстаушының жазбаша өтініші бойынша, оның жеке басын куәландыратын құжаты көрсетілген кезде тікелей Карточканы ұстаушыға қайтаруды жүргізеді.

5.8 Карточканың қолдану мерзімі, Карточканы пайдалануды тоқтата тұру және тоқтату

- 5.8.1 Карточкада оның қолдану мерзімінің өтетін уақыты көрсетіледі (айы мен жылы). Карточка онда көрсетілген айдың соңғы күніне дейін жарамды.
- 5.8.2 Карточканың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін және Карточканы ұстаушының өзге нұсқаулары болмаған кезде Карточканы Банк автоматты түрде жаңа мерзімге қайта шығарады. Қолдану мерзімі өтіп кеткен барлық Карточкалар оқшауланады және Банкке қайтаруға жатады.
- 5.8.3 Карточканы ұстаудан бас тартылған жағдайда Карточканы ұстаушы тиісті жазбаша өтінішпен Банкке жүгінуге және Карточканы, сондай-ақ қосымша Карточкаларды тапсыруға міндетті.
- 5.8.4 Банк өз қалауы бойынша кейіннен нақты оқшауланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Карточканы ұстаушыға хабарлай отырып, кез келген сәтте Карточканы алып қоюға немесе оқшаулауға және/немесе Карточканы ұстаушының ықтимал шығыстарын қандай да бір өтеусіз Карточканы ауыстырудан бас тартуға құқылы.
- 5.8.5 Карточканы ұстаушы Банктің жазбаша талабы бойынша мұндай талапта көрсетілген мерзім ішінде Карточканы қайтаруға міндетті.
- 5.8.6 Карточканы ұстаушы Карточканы қайтармаған/ уақтылы қайтармаған жағдайда Клиент Карточканы мұндай қайтармау/ уақтылы қайтармаудың барлық тәуекелдерін қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болатын кез келген қосымша шығыстарын өтейді.

5.9 Жаңа Карточка шығару, ауыстыру

- 5.9.1 Карточканы ауыстыру немесе жоғалғанның орнына жаңа Карточка шығару Банкке Карточканы ұстаушы берген жазбаша өтініш негізінде жүргізіледі.
- 5.9.2 Карточканы ауыстыруды немесе жоғалғанның орнына жаңа Карточка шығаруды Call Center телефоны бойынша Карточканы ұстаушыдан қайтармаудың барлық тәуекелдерін қабылдайды, сондай-ақ Алайда, мұндай жағдайда, Банк осы Баптың 5.9.1 тармақшасында көрсетілгендей Карточканы ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш ұсынылған сәтке дейін Карточканы ауыстырудан немесе жаңасын шығарудан бас тартуға немесе тоқтата тұруға құқылы.
- 5.9.3 Карточка мынадай жағдайларда, егер
а) Карточка бүлінген болса;
б) Карточка жоғалған/ ұрланған кезде;
в) Карточканы ұстаушының қалауы бойынша өзге де жағдайларда;
г) Банк Клиенттің карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоты бойынша заңсыз алаяқтық операциялар жүргізу тәуекелі бар деп санауға негізі болға жағдайларда Банктің қалауы бойынша ауыстырылуға жатады.
- 5.9.4 Ауыстырылатын Карточка Банкке міндетті түрде тапсырылуға (жоғалған/ ұрланған Карточкаларды қоспағанда) тиіс. Карточканы ұстаушы осы тармақта көрсетілгендей Карточканы қайтармаған/ уақтылы қайтармаған жағдайда Клиент Карточканы мұндай қайтармау/ уақтылы қайтармаудың барлық тәуекелдерін қабылдайды, сондай-ақ Банкке Банктің Карточканы алып қоюмен байланысты болатын кез келген қосымша шығыстарын өтейді
- 5.9.5 Банк Клиенттен Тарифке сәйкес және жаңа Карточканы мұндай дайындаумен және жеткізумен байланысты шеккен курьерлік/ почта шығыстарын ескере отырып, жаңа Карточканы дайындағаны және жеткізгені төлемін ұстап қалады.

5.10 Карточка бойынша кассалық қызмет көрсету

- 5.10.1 Карточканы ұстаушы Банкоматты пайдалана отырып, Карточкалық операцияларды жүргізуі Банкомат орналасқан ғимараттың/ үй-жайдың жұмыс ережесінің сағаты ішінде жүзеге асырылады, Банкоматқа еркін қол жеткізу мүмкіндігі де көзделеді.
- 5.10.2 Банктің қызмет көрсету желісіндегі Банкоматты пайдалана отырып, қолма-қол ақшамен

(оның ішінде қолма-қол ақша салу) болатын операция Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі ережелеріне, стандарттары мен рәсімдеріне, сондай-ақ тиісті төлем жүйесінің ережелеріне сәйкес Банк белгілеген тәртіпте Банктің операциялық күні ішінде жүзеге асырылады. Операциялық күн аяқталғаннан кейін Банк қызмет көрсететін Банкомат желісін пайдалана отырып, қолма-қол ақша салынған жағдайда Ақша аудару Қолданыстағы заңнама нормаларын, Банктің, тиісті төлем жүйесінің ішкі ережелерін, стандарттары мен рәсімдерін ескере отырып, келесі операциялық күні жүргізіледі.

5.10.3 Басқа банктер қызмет көрсететін желіде қолма-қол Ақша операциялары (оның ішінде Банкоматты пайдалана отырып) осы банк белгілеген тәртіпте, тиісті төлем жүйесінің ережелеріне, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес бұл банктердің операциялық сағаты ішінде жүзеге асырылады.

6-бап. Жеке тұлғаларға арналған Дебет карточкасы шартын/ Несие карточкасы шартын/ Несие желісі шартын бұзу. Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты жабу

6.1 Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа бұл шарттың қолданысын нақты тоқтатқан күнге дейін 30 (отыз) Жұмыс күн бұрын мерзімнен кешіктірмей жазбаша хабарлай отырып, Жеке тұлғаларға арналған Дебет карточкасы шартын/ Несие карточкасы шартын/ Несие желісі шартын бұзуға құқылы.

6.2 Банк кез келген уақытта бір жақты тәртіппен Жеке тұлғаларға арналған Дебет карточкасы шартын/ Несие карточкасы шартын/ Несие желісі шартын бұзу туралы (осы арқылы Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты жабу отырып) мына жағдайларда мәлімдей алады:

- Клиенттің Қолданыстағы заңнаманы бұзуы;
- Клиенттің осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы;
- Овердрафттың қалыптасуы;
- Клиенттің тиісті құжаттармен расталған қайтыс болуы/ хабар-ошарсыз кетуі;
- Егер клиенттің іс-қимылы Банк үшін келеңсіз салдарларға әкелуі мүмкін жағдайда;
- Дебет карточкасы шартында/ Несие карточкасы шартында/ Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де негіздер бойынша;
- карточканы үшінші тұлғаға беру

6.3 Банк осы Баптың 6.2-тармағында көрсетілген өз құқығын қолданған жағдайда Клиенттің банк алдындағы барлық орындалмаған ақша міндеттері дереу орындалуы тиіс.

6.4 Шарттардың қолданысы тоқтатылғаннан кейін Тараптар барлық қолдағы, бірақ шарттарды тоқтату күнінде аяқталмаған міндеттемелерін толықтай орындауға міндетті. Егер, Клиенттің жауапкершілігін қалған міндеттемелердің сипатына орай тоқтату мүмкін болмаса, Клиент Банктің талабы бойынша оның Банк алдындағы міндеттемелерін орындау үшін тиісті қамтамасыз ету ұсынуға міндетті.

6.5 Клиент пен Банк барлық қолдағы бар міндеттемелерді орындағаннан кейін 3 (үш) Жұмыс күні ішінде карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақша қалдығы, егер бұл Қолданыстағы заңнамаға қайшы болмаса немесе Клиенттің жазбаша нұсқауы бойынша Банктегі басқа Шотқа немесе өзге банктегі шотқа аударылмаса Клиентке қолма-қол төленеді.

7-бап. Бонустық және дисконттық бағдарламалар

7.1 Банк өз қалауы бойынша және Карточка ұстаушымен қосымша келісімсіз Банктің/ Банктің бас компаниясының ішкі саясаттарына, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес жұмыс тәртібін Банк дербес айқындайтын Дисконттық бағдарламаларды қолданысқа енгізеді және/немесе жояды.

8-бап. Internet Banking

8.1 Банк Қолданыстағы заңнамаларда, Банктің/ Банктің бас компаниясының ішкі саясаттарында, стандарттары мен рәсімдерінде белгіленген тәртіпте сәйкес Internet Banking қызметтерін ұсынады.

8.2 Олар Internet Banking көмегімен операцияларды жасау кезінде Клиентті дәлме дәл сәйкестендіру Клиенттің Логин мен Парольді және Клиент дербес орнататын токен кодын енгізу арқылы жасалады және ол Шотқа қауіпсіз кіруді қамтамасыз ету және өкілетті емес еруді болдырмау үшін Клиент белгілейтін цифрлық және әріптік белгілердің өз бетінше қойылатын комбинацияларын білдіреді. Клиент Банктің қатысуынсыз, әрі Логин мен Парольге қатысты қанда да бір ақпарат ұсынбай-ақ Логин мен Парольді дербес белгілейді және өзгеріс енгізеді Клиенттің бұрын енгізген белгілеріне Логин мен Парольдің сәйкес келуі Internet Banking арқылы Клиенттің операция жасағанын растау болып табылады.

8.3 Банк өз қалауы бойынша бір жақты тәртіппен және Клиентке алдын ала хабарламай-ақ Internet Banking арқылы қол жетімді қызметтер тізіміне өзгерістер енгізеді.

8.4 Internet Banking арқылы Клиент жасаған барлық транзакциялар карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шот жөніндегі Үзіндіде көрсетіледі.

8.5 Internet Banking қызметтерін төлеу Банктің қолданыстағы Тарифтерге сәйкес жүргізіледі.

9-бап. Карточкалық операциялар бойынша алаяқтық

9.1 Карточкалық операциялар бойынша алаяқтықтың алдын алу мақсатында Банк Клиентке

хабарламай-ақ және оның келісімсіз кез келген карточкалық транзакцияларды/ карточкаларды шектеусіз мерзімге бұзуға,/ лимиттеуге/ оқшаулауға құқылы.

9.2 Карточкалық операциялар бойынша алаяқтықтың алдын алу мақсатында Банк Клиенттің келісімсіз Карточкаларды қайта шығаруға құқылы.

9.2.1 Мұндай жағдайларда Банк Клиентке осы Шарттардың I Бөлімінің 9-бабының 9.2-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен Карточкаларды қайта шығару туралы хабарлайды. Клиент Карточканы қайта шығару туралы хабарлама алғаннан кейін Банк белгілеген мерзімде өзінің қолында бар карточканы қайта шығарылған Карточкамен ауыстыру үшін Банкке баруға міндеттенеді.

9.2.2 Бұл ретте, егер клиент қандай да бір себеппен қайта шығарылған Карточканы ала алмаса немесе алудан бас тартса, онда мұндай жағдаят Клиенттің Карточкалық операциялар бойынша алаяқтықтың ықтимал кез келген түрлерімен байланысты барлық қатерлер мен міндеттемелерді сөзсіз және мүлтіксіз өзіне алуы ретінде қаралады.

9.3 Банк Клиенттен Банктің пікірі бойынша күдікті және/немесе алаяқтық болып табылатын Карточкалық операциялар бойынша растауды және/немесе ақпаратты/ құжаттарды сұратуға құқылы.

9.3.1 Карточкалық операциялар бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда Клиент мұндай жағдайды шешуге қажетті барлық ақпаратты/ құжаттарды ұсынуға міндеттеме алады. Егер Клиент ұсынған ақпарат/құжат толық болмаса және/немесе кешіктіріліп ұсынылса, онда Банк одан әрі тексеру жүргізбей-ақ даулы жағдайды жабуға құқылы, ал Клиент оған келешекте шағымданбауға міндеттеме алады.

9.3.2 Клиент қайтыс болған жағдайда өлі шешілмеген даулы транзакция (мысалы, қайтару туралы шешім әлі қабылданбаған) жабық деп саналады және бұл транзакция бойынша өкілетті адамдардан (Клиенттің атынан) өтініш қабылданбайды.

9.3.3 Клиент транзакция жасалған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей талас жағдайды қарауға өтініш бере алады, бұлай болмаған жағдайда жасалған Карточкалық операция расталған болып саналады және кейінгі талап-арыздардан Банк Клиентке шеккен залалдарды өтемей-ақ бас тартуы мүмкін. Банкке түскен талап-арызды реттегенге дейін бұрын Банктік шоттан есептен шығарылған ақшалар қалпына келтірілмейді; өтінімдерді қарау мерзімі халықаралық төлем жүйелерінің ережелерімен айқындалады.

10-бап. Банктің өзге де қызметтері

10.1 Банк Клиенттің шотындағы қолма-қол ақшаға байланысты Банк ұсынатын жаңа қызметтер аясын дербес ұлғайтуға құқылы. Мұндай қызметтер туралы хабарлама Клиентке Үзіндіде тиісті ақпаратты көрсету арқылы хабарланады. Мұндай түрде ұсынылған ақпарат автоматты түрде Үзіндіде тиісті хабарламада көрсетілген күннен бастап және сол тәртіптен осы Шарттың ажырамас бөлігі болады.

IV Бөлім. Несие беру

1-бап. Несие ұсыну шарттары

1.1 Өтініш негізінде және Несие шартының талаптарына сәйкес Банк Клиентке несие беруге келіседі. Тараптардың өзара келісімімен реттелмеген бөліктегі Тараптардың өзара қатынасы Қолданыстағы заңнамаға, осы Жалпы Шарттарға Банктің ішкі саясаттарына, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес реттеледі. Несие ұсынуы Банк жеке тұлғаларға арналған Несие карточкасы шарты/ Тұтыну несиесі шарты/ Несие карточкасы шарты/ осы Жалпы Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын Банктің ішкі саясаттарында, стандарттары мен рәсімдерінде көзделген өзге де шарттар негізінде ұсынады. Банк өз қалауы бойынша Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі саясаттарының ережелеріне, стандарттары мен рәсімдеріне негіздей отырып, Несие беру мүмкіндігі мен орындылығын айқындайды.

1.2 Клиент Несие шарты, жалпы Шарттар талаптарының ережелері Клиенттің мүдделеріне толық көлемде сәйкес келетінін, сондай-ақ Клиент үшін ауыртпалық түсіретін ережелердің жоқ екенін растайды.

1.3 Егер Несие шетел валютасымен ұсынылатындығы жөнінде алдын ала келісілсе, ол мынадай жағдайларда:
(i) Банк осы жалпы Шарттарда көзделген тәртіпте бұл туралы Клиентке Несие валютасын өзгерткен күн ретінде Банк белгілеген күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарласа және (ii) Клиент өзгеріске жазбаша келісімін берсе Қазақстан Республикасының валютасымен ұсынылуы мүмкін.

1.4 Клиент Несие валютасының өзгеруіне келіскен жағдайда сыйақы ставкасын Банк ішкі саясаттарға, стандарттар мен рәсімдерге сәйкес белгілейді. Банк Несие валютасын өзгерткен күннен бастап Банктің Несие валютасын өзгерткені туралы хабарлама күніне Клиент Несие ретінде алған барлық Ақшасы Банкке Қазақстан Республикасының валютасымен төленуі тиіс. Клиенттің ағымдағы Берешегі мен бұрын Клиентке шетел валютасымен ұсынған Несие сомасы мұндай айырбастау күніне Банк белгілеген бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына айырбастауға жатады. Клиенттің Несие валютасын немесе Банк белгілеген сыйақы ставкасын өзгертумен келіспеген жағдайда Банк Клиентке тиісті Шарт бойынша несие ұсыну жөніндегі міндеттемелерден еркін болып саналады және Берешекті дереу жабуы талап етуге құқылы.

1.5 Берешекті қайтару. Клиент Берешекті Несие шартында көрсетілген мерзімде Банкке қайтаруға міндеттеме алады.

- 1.6 Несиені жабу шарттары.
- 1.6.1 Несиені және сыйақыны жабу тәртібі мен кезеңдігі, жабу кезектілігі, кезекті Несиені және сыйақыны жабу күні, Несиені жабу тәсілі мен әдісі, Несие шарттары бойынша жабуға ең аз сома осындай Шарттардың талаптарына сәйкес айқындалады.
- 1.6.2 Тұтыну несиесі Шартының талаптары бойынша негізгі қарызды қайтару мен есептелген сыйақыны төлеу шартқа Қосымшада көрсетілген жабу кестесіне сәйкес ай сайын жүргізіледі.
- 1.6.3 Жеке тұлғаларға арналған Несие карточкасы шарты/ Несие желісі шартының талаптары бойынша Несиені жабу Берешектің ішінара немесе толық сомасы, бірақ шартта көрсетілген жабудың ең аз сомасынан кем емес мөлшерінде ай сайын жүргізіледі.
- 1.6.4 Егер Несие Шарты бойынша кезекті төлемді төлеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе, онда кезекті төлем демалыс немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.
- 1.7 Мерзімінен бұрын жабу. Толық немесе ішінара мерзімінен бұрын жабу Клиенттің жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Тұтыну несиесі шарты бойынша ұсынылған Несие сомасын ішінара мерзімінен бұрын жабу кезінде Несиенің бастапқы мерзімін сақтап, ай сайынғы төлем сомасын өзгерте отырып, Жабу кестесін қайта қарау жүзеге асырылады. Толық немесе ішінара мерзімінен бұрын жабу кезінде Клиент Несиені пайдаланғаны үшін Банкке толықтай мерзімінен бұрын жабу күнін қоса алғанда оған дейін есептелген сыйақы төлейді. Төлем кестесін қайта қарау Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасасу жөніндегі міндеттеріне әкелмейді. Тараптар қол қойған өзгертілген Төлем кестесі Шартқа қоса беріледі және жаңа Төлем кестесіне қол қойылған күніне дейін қолданыстағы ескісі алып тасталады.
- 1.8 Сыйақы
- 1.8.1 Тұтыну несиесі шарты бойынша ұсынылған Несие бойынша сыйақы көрсетілген шартқа сәйкес ставка бойынша Негізгі қарыз сомасына есептеледі.
- 1.8.2 Несие карточкасы шарты бойынша Сыйақыны есептеу тәртібі көрсетілген Шартқа сәйкес ставка мен талаптар бойынша есептеледі.
- 1.8.3 Жеке тұлғаларға арналған Несие желісі шарты бойынша сыйақыны есептеу тәртібі көрсетілген Шартқа сәйкес ставка мен талаптар бойынша есептеледі.
- 1.8.4 Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы Ақшаның қолма-қол сомасы Несие мен Сыйақыны кезекті жабу күніне дейін Есепті кезеңнен кейінгі күнтізбелік айдың бірінші күнінен басталатын кезеңге жеке тұлғаларға арналған Несие карточкасы шарты/ Несие желісі шарты бойынша есептелген Сыйақы сомасы мөлшерінде Банктің автоматты түрде оқшаулауына жатады.
- 1.9 Тиімді ставка. Тиімді ставканың жылдық мөлшері Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі әзірлеген әдістемеге сәйкес компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, ықпалдасу әдісімен жалғаспалы таяу алгебралық әдіспен есептеледі және ол жеке тұлғаларға арналған Тұтыну несиесі шартында/ Несие карточкасы шартында/ Несие желісі шартында көрсетілген.
- 1.10 Төлемдерді жүзеге асыру тәртібі. Несие шарты бойынша Берешектерді жабу есебіне Клиент жасайтын барлық төлемдер Несие валютасымен немесе Шот валютасына айырбастау жүргізілген шетел валютасымен қолма-қол ақша енгізу арқылы немесе аудару тәртібімен жүзеге асырылады және Банктің оларды нақты алғаны бойынша алынған ретінде бағаланады. Егер Банк жоғарыда көрсетілген Шартқа сәйкес оған тиесілі толық сомадағы төлемді алмаса, Банк карточкалық операцияларға арналған Шотты және/немесе ағымдағы шотты және осы Шарт негізінде, әрі Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз басқа да Шоттарды дебеттеуге өкілетті болады.
- 1.11 Берешектің болу дәлелі. Клиенттік қалауы бойынша Банк Клиентке Несие ұсынуға арналған Өтініште көрсеткен кезеңділігі бар не Банкпен қосымша келісілген Үзіндіні ұсынады. Үзінді Клиенттің Банкке Берешегінің бар екендігінің жеткілікті дәлелі ретінде қызмет етеді. Төлемді Банк Үзіндіде көрсетілген мұндай Жұмыс күні алған болып есептеледі. Несие шарты бойынша Берешектің болуы және/немесе жоқтығы туралы анықтама да Несие бойынша Берешектің болуының және/немесе жоқтығының дәлелі ретінде қызмет етеді.
- 1.12 Мерзімі өтіп кеткен Берешек. Негізгі қарызды қайтару және есептелген Сыйақыны төлем бойынша қайтарудың кезекті төлемі төленбеген, не Тұтыну несиесі шартына Төлем кестесінде көрсетілген кезекті төлем сомасынан аз төлем кезінде төлемнің мерзімі өтіп кеткен болып есептеледі. Жеке тұлғаларға арналған Несие карточкалары шарты бойынша/ Несие желісі шарты бойынша мыналар:
– жабудың ең аз сомасын уақтылы немесе толық жаппау;
– Овердрафт сомасын уақтылы немесе толық жаппау;
– мерзімі өткен Берешек сомасын, комиссияны уақтылы немесе толық жаппау;
– тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) сомасын уақтылы немесе толық жаппау;
– сондай-ақ Несие шарты және/немесе Банк талабы бойынша жабу белгіленген өзге де берешек мерзімі өткен Берешек болып саналады.
- 1.13 Несиені қамтамасыз ету. Банк Клиенттен Несие шарты бойынша оның қаржы міндеттерін Клиенттің толық және уақтылы орындауын қамтамасыз етудің ұсынылуын талап етуге құқылы. Қамтамасыз ету үшінші тұлғалардың қандай да бір талаптарынан немесе өзге де ауыртпалықтардан еркін болуы тиіс. Қамтамасыз етуді Банктің келісім бойынша Қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі саясаттарында, стандарттары мен рәсімдерінде белгіленген талаптарға сәйкес Клиент, үшінші тұлға ұсынуы мүмкін.
- 1.14 Қамтамасыз етілмеген Несие. Банк өз қалауы бойынша Банктің пікірі бойынша сенімсіз қарыз

алушы болып саналатын Клиентке қамтамасыз етілмеген Несие ұсынылуы мүмкін.

- 1.15 Несие туралы ақпаратты және Клиенттің өз міндеттерін орындауымен байланысты ақпаратты кредит бюросына ұсыну. Клиент Банктің кредит бюросының деректері негізіндегі Клиент және Кредит шарты туралы мәліметтерді алуына, сондай-ақ кредит бюросынан Тараптардың өз міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпаратты алуына келісімін береді.

2-бап. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері

2.1 Банктің құқықтары:

- 2.1.1 Шотты осы Шарт негізінде және Клиенттің қосымша келісімінсіз Несие шартына сәйкес банкке тиесілі сомаға дебеттеу. Егер Шоттағы Ақша жеткіліксіз болған жағдайда Банк Қолданыстағы заңнамаға қайшы емес өзге де тәсілдермен Берешекті жабуға құқылы;
- 2.1.2 Клиенттің кез келген банктердегі немесе қаржы институттарындағы шоттарында бар барлық және кез келген Ақша есебінен бір мезгілде толық сомамен де, Шарт негізінде әрі Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз банкке төленуі тиіс сомаға, оның ішінде кез келген уақытта Шарт бойынша Банк алдындағы Клиенттің Берешек сомасына бөліп-бөліп Берешекті қайтарып алу
- 2.1.3 Клиенттен Банктің пікірі бойынша Несиенің қайтарылуы үшін айтарлықтай маңызы болуы мүмкін кез келген ақпаратты ұсынуын талап ету және егер, Клиент Банк арнайы көрсеткен мерзімде мұндай ақпаратты ұсынбаса Клиенттен осы тармақшадан туындайтын міндеттемені Клиенттің бұзған күніне қолданыстағы Тарифке сәйкес тұрақсыздық айыбын алу не Клиентке одан әрі Қызметтер көрсетуден, оның ішінде Карточканы оқшаулау арқылы бас тарту;
- 2.1.4 Қолданыстағы заңнама нормаларын ескере отырып, Жалпы Шарттарға, Банктің ішкі саясаттарына, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес Банктің Несие бойынша Ставкаларының мөлшерлерін, Тарифтерді бұл туралы Клиентке алдын ала хабарлай отырып, қайта қарау (оның ішінде ұлғайту жағына қарай). Бұл жағдайда Клиент мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін қандай да бір тұрақсыздық айыбын төлемей-ақ Берешекті мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы;
- 2.1.5 Егер Банк жөнсіздіктің Ықтимал оқиғасы орын алған деп санаса Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Шотқа және/немесе Ағымдағы Шотқа бақылау белгілеу және/немесе Ақшаны Карточкалық операцияларға арналған Шоттан және/немесе Ағымдағы Шоттан арнайы шотқа ауыстыру, ал Жөнсіздік оқиғасы басталғаннан кейін карточкалық операцияларға арналған Шоттағы және/немесе Ағымдағы Шоттағы және арнайы шоттағы Ақшаны Клиенттің Берешегін жабуға және/немесе Карточканы уақытша оқшаулау;
- 2.1.6 Егер Клиент Несие шарты бойынша банкке төленуге жататын сомамен келіспеген жағдайда Клиент қарсы болмайтын соманы төлеуге тиіс. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан Несие шарты бойынша Үзіндіде расталған негізгі қарыз сомасы әрқашан қарсы болуға жатпайтын сома ретінде қаралады. Егер жоғарыда көрсетілген сома Банктің пайдасына шешілсе, Банк Клиенттен мөлшері Несие шартына/ Тарифке сәйкес айқындалатын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы.
- 2.1.7 Жөнсіздік оқиғаларының кез келгені басталған кезінде Клиенттен мөлшері Несие шартына/ Тарифке сәйкес айқындалатын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы;
- 2.1.8 Тарифте белгіленген мөлшерде Овердрафт тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу;
- 2.1.9 Клиенттен тиісті Шарттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді ауыстыруды немесе толықтыруды талап ету;
- 2.1.10 Клиенттің Несие шарты, Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелерді және/немесе Несие ұсынуға қатысты өзге де міндеттемелерді орындамаумен және/немесе тиісінше орындамаумен байланысты Банк шеккен барлық қосымша шығындарды өтеуді алу;
- 2.1.11 Өз қалауы бойынша және бір жақты тәртіппен, банктік қызмет көрсету шартына/ Төлем кестесіне біржақты тәртіппен қандай да бір өзгерістер енгізуге Қолданыстағы заңнамамен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Шартқа/ Төлем кестесіне өзгерістер енгізу. Банк осы Шарттардың I Бөлімінің 10-бабының 10.2-тармағында көзделген тәртіпте банктік қызмет көрсету шартына/ Төлем кестесіне енгізілген өзгерістер туралы Клиентке хабарлайды (бұл ретте өзгертілген Төлем кестесі Банк Клиентке хабарлаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді, Шартқа қоса беріледі және бұрынғы Төлем кестесі алып тасталады).
- 2.1.12 Клиент Төлем кестесінің, оның ішінде Сыйақы ставкасының өзгерісімен келіспеген жағдайда Банк Клиенттің Төлем кестесінің, оның ішінде Сыйақы ставкасының өзгерісінен бас тартқан күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Несие бойынша Берешекті Клиенттің мерзімінен бұрын жабуын талап етуге құқылы;
- 2.1.13 Клиент жаңа (өзгерген) Банктік қызмет көрсету шарттары талаптарымен келіспеген жағдайда Клиент 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде несиені және Шартта көзделген өзге де төлемдерді нақты пайдалану уақытындағы сыйақысын төлей отырып, Несие шарты бойынша барлық Берешектерді мерзімінен бұрын жабуға құқылы. Бұл ретте Банк мерзімінен бұрын жапқаны үшін комиссия алмайды;
- 2.1.14 Лимиттер азайған немесе көбейген жағдайда Банк Клиентке жаңа лимиттер қолданысқа енгізілген күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн мерзімінде хабарлайды. Клиент лимиттердің өзгерісімен келіспеген жағдайда Банк тиісті Банктік қызмет көрсету шарты бойынша Клиентке Несие ұсыну міндеттемесінен босатылған болып саналады және берешекті дереу жабуды талап етуге құқылы. Клиент өзінің келіспейтіні туралы банк Хабарламасын алған күніне бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс. Несие беру лимитінің өзгерісімен келіспеген жағдайда Клиент бір жақты тәртіппен айып санкцияларын төлемей-ақ шарттан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Банк алдындағы Берешек Банк көрсеткен мерзімде және осы Шартта көзделген тәртіпте жабылуға тиіс;
- 2.1.15 Егер Клиентке белгілі бір жұмыс берушімен еңбек қатынастарының болуына байланысты Несие ұсынылып, мұндай еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, бір жақты тәртіппен Сыйақы ставкасының мөлшерін банк алатын тиісті стандарттық коммерциялық сыйақының өзге ставкасы-

на өзгерту. Бұл ретте Тұтыну несиесі шарты бойынша банк Жабу кестесіне де тиісті өзгерістерді енгізеді. Сыйақының өзгерген ставкасы Клиент пен Жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін, олардың тоқтатылу себебіне қарамастан 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін қолданыла бастайды;

- 2.1.16 Егер Қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе өз қалауы бойынша және Клиент есебінен Клиентті сақтандыру компаниясында сақтандыру;
- 2.1.17 Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотта мұндай карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шоттағы оң қалдықты клиент жоймаған сәтке дейінгі оң қалдық пайда болған жағдайда Карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотты алдын ала хабарламай-ақ оқшаулау;
- 2.1.18 Егер Банкте Клиенттің карточкалық операцияларына арналған Ағымдағы шоты бойынша заңсыз/ алаяқтық белгілері бар операциялар жүргізу тәуекелі бар деп санауға негізі болса, онда Банк карточкалық операцияларға арналған Ағымдағы шотын алдын ала хабарламасыз оқшаулауға және/немесе Банктің бастама білдірілетін операция заңсыз деп санауға негізі болса операцияларды қабылдамау;
- 2.1.19 Клиенттің Несие шарты бойынша ағымдағы және мерзімі өткен Берешегінің барлық сомасын кез келген валютадағы Қарыз алушының барлық банктік шоттарынан акцепсіз және сөзсіз тәртіпте алу (дебеттеу), оның ішінде:
 - а) Банктің өкімі немесе Қолданыстағы заңнамадан және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген басқа да құжаттары негізінде Клиенттің Банктегі банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен;
 - б) банкте және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде ашылған, акцепсіз тәртіпте орындалатын Клиенттің банктік шоттарына төлем талап-тапсырмаларын (түпнұсқаны қоса бере отырып, не Несие шарттарының және қарыз операциялары фактісін растайтын өзге де құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері) немесе Ақшаны акцепсіз және/немесе даусыз алуды (есептен шығаруды) жүзеге асыруға қажетті құжаттарды ұсыну жолымен.
- 2.1.20 Банк Клиенттің қандай да бір қосымша келісімін алмастан кез келген үшінші тұлғаға (оның ішінде коллекторлық агенттіктерге) шарт бойынша Клиенттің Берешегін өтеуді тапсыруға және осыған байланысты мұндай үшінші тұлғаларға кредиттік мәлімет пен Клиентке қатысты Банкте бар және Банк қызметтерін орындау үшін қажетті барлық өзге де ақпаратты ұсынуға құқылы;
- 2.1.21 Осы Жалпы Шарттарда, Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген өзінің барлық басқа да құқықтарын пайдалану.

2.2 Банк мынадай міндеттеме алады:

- 2.2.1 Клиентке осы Жалпы Шарттарда, Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте және шарттарда қызметтер ұсыну.
- 2.2.2 Осы Жалпы Шарттарда, Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген өзінің барлық өзге де міндеттемелерін тиісті түрде орындау.

2.3 Клиенттің құқықтары:

- 2.3.1 Банктен Клиенттің Берешегін жабуға түскен сомаға қатысты, сондай-ақ жабылмаған Берешек сомасы туралы ақпаратты алу. Бұл ретте көрсетілген ақпаратты ұсынғаны үшін Банк белгіленген Тарифтерге сәйкес сыйақы алады.
- 2.3.2 Осы Жалпы Шарттарда, Банктік қызмет көрсету шартында және Қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да барлық өзінің құқықтарын пайдалану.

2.4 Клиент мынадай міндеттеме алады:

- 2.4.1 Қолданыстағы заңнаманың, Несие шарты талаптарын, сондай-ақ Банктен жасалған өзге де шарттардың талаптарын сақтау;
- 2.4.2 Егер Банк Жөнсіздік оқиғалары басталғаны туралы мәлімдеген жағдайда Банк көрсеткен мерзімде Берешектің барлық сомасын қайтару;
- 2.4.3 Клиенттің басқа банктер мен кез келген үшінші тұлғалар алдындағы барлық өзге де міндеттемелеріне қатысы бойынша бірінші кезектегі тәртіпте Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындау;
- 2.4.4 Несие шарты орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін кез келген оқиғалар, мыналарды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей:
 - а) кез келген сот талқыламасы;
 - б) Жөнсіздік оқиғасы немесе әлеуетті жөнсіздік оқиғасы ретінде бағалануы мүмкін кез келген оқиға;
 - в) Несие шартында жазылған өтініштерді және/немесе кепілдіктерді кез келген бұзу;
 - г) Несие шартында белгіленген міндеттемелерді, шарттарды және/немесе уағдаластықтарды кез келген орындамау;
 - д) Клиенттің қызметіндегі немесе қаржылық жағдайындағы кез келген елеулі өзгеріс туралы Банкке дереу хабарлау.
- 2.4.5 Банк талап еткен кез келген ақпаратты олар белгілеген мерзімде ұсыну;
- 2.4.6 Егер Клиент, мыналарды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей салықтармен, бюджеттік төленетін басқа да міндетті төлемдермен байланысты өз міндеттемелерін орындауға жағдайы болмаса, жасалмаған бірінші төлемнен кейін 3 (үш) Жұмыс күні ішінде мұндай оқиға туралы Банкке хабарлау;
- 2.4.7 Несие шарты, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген шарт негізінде жасалған өзге де Шарттар бойынша міндеттемелерге қол қоюмен және орындаумен байланысты Банкте пайда болған және/немесе пайда болуы мүмкін кез келген шығыстардан, шығындардан, тұрақсыздық айыптарынан, сот қаулыларынан, айыппұлдардан Банкті сақтандыру.
- 2.4.8 Банктің осы Жалпы Шарттарда, Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген өзінің барлық немесе кез келген құқықтарын іске асыруына кедергі жасамау (тікелей және/немесе жанама,

әрекетімен және/немесе әрекетсіздігімен).

- 2.4.9 Осы Жалпы Шарттарда, Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген өзінің басқа да міндеттерін тиісті түрде орындау.

3-бап. Жөнсіздік оқиғасы

- 3.1 Банк бір жақты тәртіппен Несие шартына сәйкес өзінің барлық немесе кез келген міндеттемелерін тоқтататыны туралы мәлімдеуге және/немесе мына оқиғалардың кез келгені басталған кезде Берешектің барлық сомасының мерзімінен бұрын өтелуін талап етуге құқылы:
 - 3.1.1 Клиенттің себептерге қарамастан Несие шарты талаптарын Несие шартында белгілеген төлем күніне және валютамен, әрі тәсілмен орындамауы;
 - 3.1.2 Егер Клиент немесе Байланысты Тарап Қолданыстағы заңнаманың талаптарын немесе Несие шартының кез келген талаптарын немесе шектелмейтін кез келген Шарттарды қоса алғанда, оған қатысты құжаттарды бұзу немесе орындамау;
 - 3.1.3 Егер Банкте осы Жалпы Шарттарға, Несие шартына сәйкес Клиент не Байланысты тараптың кез келген өтінішінің немесе кепілдемесінің немесе Шартпен байланысты ұсынылған кез келген құжат және/немесе ақпарат дұрыс емес, дәл емес немесе жарамды емес деп санауға негізі болу;
 - 3.1.4 Клиент әрекеттілікті толықтай не ішінара жоғалтуы;
 - 3.1.5 Клиентті не Байланысты тарапты, Банктің пікірі бойынша Клиенттің Несие шарты бойынша қаржылық міндеттемелері орындалуының толықтығы мен уақтылығына қатер төндірсе немесе төндіруі мүмкін талап сомасы бар сот процесіне тартылуы;
 - 3.1.6 Клиенттің не Байланысты тараптың кез келген Берешегі белгіленген мерзімде жабылмаса немесе Берешекті белгіленген мерзімге дейін жабуды талап ету қажеттігі болу;
 - 3.1.7 Клиенттің не Байланысты тарап меншігінің барлығы немесе елеулі бөлігінің құны төмендесе, бүлінсе, жоғалса, тәркіленсе немесе Банктің пікірі бойынша осындай қатердің болуы;
 - 3.1.8 Мынадай оқиғалардың кез келгені басталған кезде:
 - а) Клиенттің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға көшуі;
 - б) Клиенттің отбасылық жағдайының өзгеруі;
 - в) Клиенттің иелігінде тұрған ерлі-зайыптылардың кез келген бірлескен меншігінің бөлінуі;
 - г) Клиент меншігінің барлығы немесе бөлігі қадағалауда тұруы;
 - д) егер Клиенттің мүлкіне және оның Шотына тыйым салынса (немесе тыйым салудың нақты қатері болса) және тыйым салуды алу таяудағы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде күтілмеуі;
 - е) Клиент меншігінің барлығын немесе елеулі бөлігін мемлекет немесе кез келген үшінші тұлға сатып алуы, алып қоюы, экспроприациялануы немесе иелікке алынуы;
 - 3.1.9 Клиент мұндай орындамау себебіне қарамастан Несие шартында көзделген өз құқықтарын іске асыру алмайды және өз міндеттерін орындай алмайды.
 - 3.1.10 Клиент үшін кез келген уақытта Несие шарты бойынша қандай да бір немесе барлық міндеттемелерінің заңсыз болуы немесе заңды, жарамды, міндетті және орындамалы болудан қалуы;
 - 3.1.11 Клиент не Байланысты тарап тиісті заңды соттың оған тиесілі сомасын төлеу туралы шешімін орындамауы;
 - 3.1.12 Банктің пікірі бойынша Клиенттің Несие шарты бойынша оның міндеттемелерін толық және уақтылы орындауына нақты қатері болуы;
 - 3.1.13 Клиент кез келген Несие шарттарымен шектелмей қоса алғанда, тиісті Шарттарға қол қойғанға дейін және одан кейін жасалған өзге де Шарттар бойынша өз міндеттерін орындамау;
 - 3.1.14 Клиент мен оның Жұмыс берушісі Несие ұсынылған мерзім аяқталғанға дейін еңбек қатынастары тоқтатылған кезде;
 - 3.1.15 Клиент қызметінің негізгі қызмет түрін құратын/ Банктің пікірі бойынша Клиент табысының елеулі бөлігін құратын тапсырыс берушіге Клиенттің қызметтер көрсету бойынша қатынастары тоқтатылған кезде.
- 3.2 Жөнсіздік оқиғаларының кез келгені басталған жағдайда Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз, Клиентке 1 (бір) жұмыс күні бұрын Банктің мүдделерін қорғау және Клиент төлеуі тиіс Берешектік барлық сомасын алу үшін, оның ішінде кез келген үшінші тұлғаға (оның ішінде коллекторлық агенттіктерге) Несие Шарты бойынша Клиенттің Берешегін өндіріп алуды тапсыруы және осыған байланысты мұндай үшінші тұлғаларға Банкке қызмет көрсету үшін қажетті Клиентке қатысты Банкте бар кредиттік мәлімет пен барлық өзге де ақпаратты ұсыну үшін барлық әрекеттерді (өз қалауы бойынша сот немесе соттан тыс тәртіпте) қабылдауы туралы хабарлау.
- 3.3 Жөнсіздік оқиғаларының басталуымен байланысты шеккен барлық және кез келген шығыстарды Банк Клиенттің есебіне жатқызуға құқылы.

4-бап. Клиент ұсынатын құжаттар мен ақпарат

- 4.1 Банк Клиенттің Несие алу үшін қолдан жасалған немесе жарамсыз құжаттарды ұсыну фактісін анықтаған жағдайда, Банк бір жақты тәртіппен және Клиентке хабарламай-ақ:
 - а) Клиенттің Шотын, Карточкасын және Қосымша карточкасын оқшаулауға;
 - б) Несие лимитін жабуға және/немесе
 - в) Клиенттің шотын жабуға;
 - г) банк бастамасы бойынша Несие шартын бұзуға және Берешекті дереу жабуды талап етуге құқылы.
- 4.2 Егер Банк Клиенттің несиесі алу үшін қолдан жасалған немесе жарамсыз құжаттарды және/немесе ақпаратты ұсынғанын анықтаса, Банктің құқық қорғау органдарына, Қаржы Полициясы органдарына, Кредит Бюросына, Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталығына және

коллекторлық агенттіктерді қоса алғанда, басқа да уәкілетті ұйымдар мен мекемелерге жүгінуге құқылы.

- 4.3 Клиент осы арқылы Банктің Клиентке хабарламай және оның келісімінсіз Клиент туралы кез келген ақпаратты мыналардан:
- а) Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталығынан;
 - б) Кредит бюросынан; және/немесе
 - в) кез келген басқа да уәкілетті ұйымдар мен мекемелерден сұратуға құқылы.
- 4.4 Клиент ұсынған құжаттардың және/немесе ақпараттың түпнұсқалығы немесе жарамдығына күдік пайда болған кезде Банк Клиенттік келісімінсіз немесе оған хабарламай-ақ кез келген уақытты Клиенттің Шоты мен Карточкасын оқшаулауға құқылы. Мұндай оқшаулау уақыттың шектеусіз кезеңіне жүзеге асырылуы мүмкін.

5-бап. Несие шартының қолданысын тоқтату

- 5.1 Несие шарты өзінің қолданысын Несие шартында және/немесе Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте және шарттарда тоқтатады.

V бөлім. Өзге де ережелер

1-бап. Тек Заңды тұлға – клиенттер, филиалдар/өкілеттіктер үшін электрондық почта және/немесе факс бойынша ақпарат

- 1.1 Осы жалпы шарттардың өзге де жағдайларына қарамастан, Банк Клиентке электрондық және/немесе факсимильдік байланыс құралдарын пайдалана отырып, Клиентке төмендегі құжаттарды (бұдан әрі «Ақпарат» деп аталатын) ұсынуға құқылы:
- Клиенттің Банктегі кез келген шоты бойынша Банктік үзінділері;
 - Клиенттің Банктегі кез келген шоттары және/немесе операциялары туралы ақпаратты қамтитын Клиентке жіберілетін әртүрлі құжаттар, анықтамалар, хабарламалар, хабардар етулер, Банк растамасы;
 - осы жалпы шарттардың ережелеріне сәйкес Банктік клиентке жіберетін өзге де ақпараты.
- 1.2 Банк Клиентке электрондық почта және/немесе факс құралын пайдалана отырып ақпарат ұсынған жағдайда, Клиент осы Жалпы шарт тәртібімен және талаптарында Ақпаратты электрондық және факсимильдік беру құралын тиісті Банктік қызмет көрсету шартының (тарының) және осы жалпы Шарттардың ережелеріне сәйкес Банктің Клиентке Ақпарат ұсыну бойынша міндеттемесін орындау үшін жеткілікті деп мойындайды.
- 1.3 Клиент Клиенттің электрондық почта немесе факс бойынша Ақпарат алуы Банктің уәкілетті тұлғаларының қолдарымен және оның мөрінің бедерімен куәландырылған қағаз жеткізгіштегі тиісті құжатты алуға заңды барабар болатынына келіседі.
- 1.4 Клиент, егер бұл Банк үшін техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық орынсыз болса Ақпаратты электрондық немесе факсимильдік байланысты пайдалана отырып, ұсынуға міндетті емес екеніне келіседі. Банктің Клиентке ақпаратты электрондық почта немесе факс бойынша ұсынуы техникалық мүмкін емес немесе орынсыз болса, Банк Клиентке бұл туралы хабарлау үшін барлық орынды күш-жігерін салады.
- 1.5 Банк электрондық немесе факсимильдік байланыс құралын пайдалану арқылы Клиентке Ақпарат ұсынуға келіскен жағдайда Клиент Банкке Банктің Жалпы шарттарына Клиент қол қойған тиісті ережелерге сілтемесі бар және Ақпаратты ұсыну тәсілі (электрондық почта және/немесе факс) мен ол бойынша Банк Ақпарат ұсынуға құқылы Клиенттің электрондық мекенжайларын және/немесе Клиенттік телефон-факсінің нөмірін көрсете отырып, Клиенттің бірінші басшысы немесе өзге де уәкілетті тұлға қол қойған және Клиенттің мөрімен бекітілген жазбаша сұраудың түпнұсқасын Банкке ұсынуға міндеттеме алады.
- 1.6 Банк Клиентке Ақпаратты электрондық почта және/немесе факс арқылы ұсынған кезде Банк Клиентке Ақпаратты электрондық почтамен өзгеріссіз пішімде және/немесе факспен Клиенттің сұрау хатында көрсетілген Клиенттің кез келген электрондық мекенжайын және/немесе Клиенттік кез келген телефон-факсінің нөмірін көрсете отырып, жібереді. Бұл ретте Банкке сұрау хат ұсынылған кезде Клиент, тиісті уәкілетті тұлғаларды қоспағанда, көрсетілген электрондық мекенжай мен факске үшінші тұлғаның қол жеткізе алмайтынына кепілдік береді.
- 1.7 Клиенттің сұрау хатында көрсетілген қандай да бір электрондық почта мекенжайы немесе факс нөмірі өзгерген жағдайда, Клиент Банкке бұл туралы сұрау хатты ұсыну үшін белгіленген тәртіпте жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттеме алады. Бұл өзгеріс Банк Клиенттің мұндай өзгерістер туралы жазбаша хабарлама алуын жазбаша растаған сәтінен бастап жарамды болып саналады.
- 1.8 Банктің Ақпаратты электрондық почта және/немесе факс бойынша ұсынған кезде Банк Клиенттің Ақпаратты алуға компьютерлік жабдығы және/немесе коммуникациялық құралдарының ақаулығынан немесе өзге де сыртқы факторлардан, Клиенттің қандай да бір бағдарламалық қамтамасыз етуінің бұзылуынан және/немесе байланыс желісінің техникалық жай-күйінен болған кідірту және/немесе бұрмалану үшін жауапты болмайды.
- 1.9 Клиент осы арқылы Ақпаратты электрондық почта немесе факс бойынша ұсыну Клиенттік

Ақпаратты тиісті қауіпсіз қабылдауын қамтамасыз етпейтіндігі және үшінші тұлғалардың Ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігінің бар екені туралы толық хабардар екендігін растайды және осы арқылы Клиент, хабарлаудың мұндай нысаны, мыналарды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей Ақпаратты алмау немесе уақытылы алмау, үшінші тұлғаның кез келген заңсыз етуі, оның ішінде Ақпаратты қабылдау үшін Клиенттің кеңсесінде немесе кез келген өзге дерде тұрған компьютерлік жабдығы немесе факс аппараты Клиенттің атынан пайдаланғаны— пайдаланбағанына қарамастан Клиенттің өкілетті емес тұлғаларының немесе кез келген үшінші тұлғаның уәкілетті емес немесе сенімсіз пайдалануы мүмкіндігінің барлық және кез келген қатерін өзіне қабылдайды.

- 1.10 Осы арқылы Клиент Банктің Ақпаратты беру кезіндегі кез келген ақаулықтарға, кез келген компьютерлік, факсимильдік немесе оның көмегімен ақпарат берілетін/алынатын және/немесе алынғаны расталатын өзге де жабдықтың қандай да бір олқылықтарға жауап бермейтініне келіседі.
- 1.11 Клиент, сондай-ақ Банк, егер мұндай шығындар тек Банк осы Шарт бойынша өз міндеттерін аса салақтық немесе қасақана орындамау нәтижесі болып табылғаны дәлелденбесе, осы жалпы Шарттар бойынша міндеттемелерді Банктің орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы нәтижесіндегі Клиент көтеруі мүмкін кез келген шығындар үшін Банк жауапты болмайды.
- 1.12 Банк электрондық почта және/немесе факс бойынша Ақпарат ұсынған кезде Клиент Банкке осы Жалпы Шарттардың ережелерінен туындайтын міндеттемелерді олардың орындауымен байланысты пайда болған/ пайда болуы мүмкін кез келген тікелей және/немесе жанама шығындар мен шығыстарды өтеуге сөзсіз кепілдік береді және Банкті Банктің Клиентке электрондық почта және/немесе факс бойынша Ақпаратты ұсынуымен байланысты пайда болуы мүмкін кез келген талаптар мен талап-арыздардан босатады.

2-бап. Форс Мажор

- 2.1 Форс Мажор мыналарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей өрт, су тасқыны, ереуіл, жер сілкінісі, соғыстар мен тәртіпсіздіктер, Қазақстанның банк жүйесінің ақауы, заңдардың немесе өзге де нормативтік-құқықтық немесе әкімшілік актілердің қабылдануы нәтижесінде төлем жүргізудің мүмкін еместігі сияқты Тараптардың орынды бақылауынан тыс кез келген жағдаяттарды білдіреді.
- 2.2 Форс Мажор басталған кезде міндеттемелерді орындауға кедергі бар Тарап екінші Тарапты Форс Мажордың басталғаны туралы және Форс Мажордың бұл Тарапқа мұндай міндеттемелерді орындауға өсері туралы жазбаша хабардар етуге тиіс. Егер Тарап осы Жалпы Шарттарда белгіленгендей Форс Мажор туралы хабарламаса, онда ол, бұл Тарап үшін Форс Мажор нәтижесінде екінші Тарапқа хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген құқықтарды жоғалтады.
- 2.3 Форс Мажор тоқтағаннан кейін онда болған Тарап екінші Тарапты Форс Мажордың тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге және өз міндеттерін орындауды және жалғастыруға тиіс.

3-бап. Құпиялық пен қауіпсіздік

- 3.1 Банк Клиент пен Шотқа қатысты ақпараттың құпиялығын сақтау үшін өзіне қатысты барлық шараларды қабылдайды.
- 3.2 Егер құпиялық Банктің құпиялыққа қатысты ұсынымдарын Клиенттің өзінің сақтамауы салдары кінәсінен бұзылса, үшінші тұлғаларға өзге дереккөздерден белгілі болса не жария болса, оған Банк жауапты болмайды.
- 3.3 Банк Клиенттің жазбаша келісімінсіз қандай да бір үшінші тұлғаға (I Бөлімнің 8-бабының 8.1-тармағында, осы баптың 3.4 және 3.5-тармақтарында көрсетілген жағдайлардан басқа) Шоттың, Клиенттің немесе соңғысының қызметіне қатысты ақпаратты ашуға құқылы емес. Бұл міндеттеме мұндай ашу Қазақстан Республикасының немесе HSBC Тобының кез келген мүшесінің немесе аффилирленген компаниясының болуы елінің өзге заңнамасына сәйкес талап етілетін жағдайларға қатысты болмайды.
- 3.4 Клиент осы арқылы Банкке оның қалауы бойынша HSBC тобының мүшелеріне немесе аффилирленген компанияларына Клиент және кез келген мақсаттарға арналған оның операциялары (алаяқтықтың алдын алуды, аудит, кез келген үшінші тарапқа қызметтер ұсыну, қарызды өндіру, мемлекеттік органның сұрауын қанағаттандыруды, сондай-ақ басқа да мақсаттарды қоса алғанда) туралы ақпаратты беруіне сөзсіз келісім береді.
- 3.5 Клиент туралы ақпарат Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде процессингтік (компьютерлік) орталықтарда өңделуі мүмкін.
- 3.6 Банк өз қызметін HSBC тобының құпиялық декларациясына сәйкес жүзеге асырады.
- 3.7 Клиенттің Шоты бойынша заңсыз төлемдерден қорғау мақсатында Банк мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:
- операцияларды жүзеге асыру кезінде төлем құжаттарының қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы негізінде Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының қолдары мен мөрлерді көрнекі салыстыруды жүзеге

асырады.

– факсимильді көшірмелері немесе Клиенттің электрондық төлем құжаттарының негізінде операцияларды жүзеге асыру кезінде заңсыз төлемдерден қорғау Тараптардың тиісті келісімдерінде көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

4-бап. Арнайы шарттар

- 4.1 Клиент Банктің өз беделін қорғауға және Банктің ақшаны «жылыстатуға» қарсы күрестің және күдікті операцияларға қатысты халықаралық стандарттарды ұстанатын саясатына ұмтылуын құрметтеуі тиіс. Клиенттің шотына ірі соманың (ірі соманы Банк өзі дербес айқындайды) енгізілген/ аударылған жағдайда Банк бұл ақшаның заңдылығын растайын құжаттарды талап етуге құқылы, ал Клиент Банк белгілеген мерзімде ұсынуға міндетті. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде Банк ақшаның заңдылығы расталмады деп санап, ақшаны Клиенттің шотына аудармауға және/ немесе бір жақты соттан тыс тәртіппен Банктік қызмет көрсету шартынан бас тартуға және осы арқылы Шотты жүргізуді және қызмет көрсетуді тоқтата отырып, Шотты жабуға құқылы.
- 4.2 Банк Клиенттен Банктің ерекше пікірі бойынша мыналармен шектелмей, ақшаны аудару/ есептен шығару және Шоттан (тардан)/ оларға қолма-қол ақшаны енгізу/ алуды қоса алғанда, Клиентке банктік қызмет көрсету үшін қажет кез келген құжаттарды/ ақпаратты талап етуге құқылы.
- 4.3 Егер Банк талап еткен құжаттар/ ақпарат ұсынылмаған немесе кез келген себеп бойынша Банкті қанағаттандырмаған жағдайда Банк Клиентке банктік қызметтерді ұсынудан бас тартуға құқылы, оның кейіннен Шотты пайдалану құқығы Банктің келісімімен қалпына келтірілетін болады.
- 4.4 Банк Клиент ұсынған құжаттарға/ ақпаратқа өзінің қанағаттанбаудың кез келген себепін түсіндіруге немесе негіздеуге міндетті емес. Клиент ұсынған құжаттарға/ ақпаратқа қанағаттанбау туралы жазбаша немесе ауызша түрде жасаған Банктің мәлімдемесі айрықша және Клиентке тиісті банктік қызметтер ұсынудан бас тарту үшін жеткілікті негіздеме болып табылады.
- 4.5 Клиент Банктің Топтың қаржылық терроризмнің және ақшаны «жылыстатуға» қылмыстық құғындалған немесе күдікті адамның жолын кесу сасатын ұстана отырып, кез келген елдің заңи құзыретіне сәйкес Банкте тексеру жүргізу мақсатында жоғарыда көрсетілген жағдаяттарға күдік болған (және Банк өзінің күдігін негіздеуге әрі дәлелдеуге міндетті емес) кезде Клиенттің шот бойынша операцияларын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға өкілетті екенінен хабардар болады және келіседі. Бұл ретте банк Клиенттің, тіптен егер мұндай күдіктер расталмаған жағдайда да төлем нұсқауларын орындаудың мерзімін өткізіп алғаны немесе тоқтатыла тұрғанымен келген шығындарына ешқандай жауапты болмайды.
- 4.6 Клиент Банктің, егер бас тарту немесе тоқтатуды Банк HSBC тобының саясатына сәйкес кез келген елдің заңи құзыретіне сәйкес (мысалы OFAC) немесе халықаралық ұйымдар (бірақ мыналармен шектелмей, ФАТФ пен БҰҰ-ны қоса алғанда) Клиентке және/немесе әрекеті Клиентке қатысты болатын кез келген негіз бойынша салынған санкцияларды орындауды ұйғаратын Банк жүзеге асыратын Клиенттің шоты бойынша кез келген операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе жүргізуді тоқтатуға құқылы екенінен хабардар болады және келіседі.
- 4.7 Банк, егер бұл кез келген қолданылатын халықаралық немесе ұлттық заңнамаға қайшы болмаса, Клиентке осы тармаққа сәйкес өзінің Клиенттің шоты бойынша операцияларды жүргізуден бас тартқаны немесе жүргізуді тоқтатқаны турады осы Жалпы Шарттарда көзделген тәртіпте мүмкіндігінше таяу арада хабарлауға тырысады.

5-бап. Қорытынды ережелер

- 5.1 Тараптар Шартқа байланысты туындайтын кез келген құқықтарды немесе міндеттемелерді екінші Тараптың алдын ала жазбаша мақұлдауынсыз табыстауға, беруге немесе аударуға құқылы емес.
- 5.2 Банктің осы Жалпы Шарттары, Банктік қызмет көрсету шарты мен Тарифтері Тараптар арасында бар барлық алдыңғы жазбаша немесе ауызша келісімдер мен уағдаластықтарды ауыстырады.
- 5.3 Осы Жалпы шарттар мен Банктік қызмет көрсету шартындағы баптардың атаулары мен басқа да тақырыптар қолайлылық үшін пайдаланылған және аталған құжаттардың қандай да бір ережелерін қандай да бір шектеулерді, сипаттамаларды немесе түсіндірмелерді қамтымайды.
- 5.4 Егер осы Жалпы Шарттардың/ Банктік қызмет көрсету шартының қандай да бір немесе одан да көп ережелері кез келген байланыста күшін жойса, таныс болмай қалса, онда бұл қандай да бір түрде аталған құжаттарда бар қалған ережелердің пәрменділігіне, заңдылығына немесе заңмен қамтамасыз етілушілігіне әсер етуі немесе әлсіретуі тиіс емес, оның үстіне мұндай жағдайда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңды жарамды ережемен ауыстыру үшін барлық күшін салатыны белгіленеді.
- 5.5 Банк осы Жалпы Шарттарға түзету енгізу құқығын өзіне қалдырады. Банк Клиентке мұндай түзетулер туралы осы Жалпы Шарттарда көзделген тәртіпте хабарлауға міндетті. Егер Клиент түзетулермен келіспесе, Клиент бұл туралы Банкті жазбаша нысанада хабардар етуі керек. Клиент, егер бұл Заңнамаға қайшы болмаса және Клиент Банк алдындағы барлық міндеттемелерін орындаған жағдайда банктік қызмет көрсету шартын бұзуға құқылы.
- 5.6 Клиент пен үшінші тұлғалар арасындағы сот талқыламаларына Банк тартылған жағдайда ол шеккен кез келген шығындар Клиенттің есебіне жатқызылады. Банк шығындардың көрсетілген сома-

сын Клиентке төлеуге шот ұсынады. Клиент көрсетілген шотты алғаннан кейін дереу оны төлеуге міндетті. Бұдан өзге Банктің Тарифтерінде көрсетілген, бірақ банктің Клиентпен қатынасы салдары ретінде пайда болуы мүмкін Банктің кез келген өзге де шығындары да Клиенттік есебіне жатқызылады. Банк Клиентке банк шеккен барлық шығындарды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, төлеуге шот ұсынады.

- 5.7 Жалпы шарттарға/ Банктік қызмет көрсету шартына қатысы бар барлық құжаттар ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде жасалған. Әртүрлі түсіністік болған кезде түпнұсқа болып табылатын орыс тіліндегі мәтіннің басымдығы болады.
- 5.8 Осы арқылы Клиент Банктік қызмет көрсетуге және банктік қызметтерге жататын өзге де құжаттарға қол қою кезінде Банктің уәкілетті тұлғасының факсимильдік көшірме қолы мен мөрінің пайдалануына қарсы болмайтынын растайды.

Депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы ставкаларының шекті шамалары, қабылданатын депозиттер мен берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері

- 1.1 Қабылданатын жедел депозиттердің шекті сомалары.
KZT – min. KZT 1000, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
USD – min. USD 100, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
GBP – min. GBP 100, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
EUR – min. EUR 100, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
- 1.2 Қабылданатын жедел депозиттердің шекті мерзімдері.
KZT – min. -овернайт, max. – 2 жыл
USD – min. -овернайт, max. – 2 жыл
GBP – min. -овернайт, max. – 2 жыл
EUR – min. -овернайт, max. – 2 жыл
- 1.3 Қабылданатын жедел депозиттер сыйақыларының шекті ставкалары.
KZT – min. – 0,1%, max. – 20%
USD – min. – 0,1%, max. – 20%
GBP – min. – 0,1%, max. – 20%
EUR – min. – 0,1%, max. – 20%
- 2.1 Берілетін несиелердің шекті сомалары.
KZT – min. KZT 1000, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
USD – min. USD 1000, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
GBP – min. GBP 1000, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
EUR – min. EUR 1000, max. – клиентпен уағдаластық бойынша
- 2.2 Берілетін несиелердің шекті мерзімдері.
KZT – min. овернайт, max. – 20 жыл
USD – min. овернайт, max. – 20 жыл
GBP – min. овернайт, max. – 20 жыл
EUR – min. овернайт, max. – 20 лет
- 2.3 Берілетін несиелер бойынша сыйақылардың шекті ставкалары.
KZT – min. 0,1%, max. – қайта қаржыландыру ставкасының 25% немесе 150% сомасынан ең көбі
USD – min. 0,1%, max. – 25%
GBP – min. 0,1%, max. – 25%
EUR – min. 0,1%, max. – 25%

Сыйақының осы ставкалары, мерзімдер мен сомалар шекті болып табылады және нақты мәмілелерге қолдануға жатпайды. Банк көрсетілген шектерде нақты жағдайлар мен факторларға байланысты (Клиенттің несие қабілеті, нарықтағы ағымдағы жағдай, басқалары) Клиентке ол ұсынуы мүмкін сыйақы сомасын, мерзімдері мен ставкасын жеке белгілейді.